

...ағен  
екен!



# ...деген екен!

УШІНШІ КІТАПША

Кұрастырған  
Максұтбек НИЯЗБЕКОВ

Максұтбек  
Ниязбеков



Алматы,  
«Өнер»  
1992

ББК 84 Қаз 7-44  
Д 27

Бұл кітапшага Әлібек Асқаров, Мейрам Асылған-  
зин, Жақау Дәуренбеков, Шаймерген Әлдібеков,  
Әміржан Қалиев, Тұрсын Жұртбаев, Тоқтархан Шә-  
ріпжанов, Аққөл Отарбаев, Жанат Елшібек, Жанабек  
Шағатаев, Гүлжан Қоңқақовалардың жазғандары  
енгізілді.

Д 27 ...деген екен! / Құраст. М. Ниязбеков.— Алма-  
ты: Өнер, З-кт.— 1992.— 64 бет.

ISBN 5-89840-552-6

Бұл кітапшада белгілі алыптарымыздың, өнөр және  
мәдениет кайраткерлерінің әр кездері айтқан етімді сөз,  
ұтымды уәж-жауптары жинақталып берілген. Қазақстан  
өнерінің түрлі саласындағы өнер иелерінің реті келген жер-  
де табан аузында айтқан бұл қисынды да қарымталы, бей-  
нелі де ойлы сөздері оқырманды өзіндік үшқырлығымен,  
орындылығымен, нақтылығымен тәнті етеді.

Д 4702250201—27  
409(05)—92 Хабарламасыз.—92 ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 5-89840-552-6

© Алматы, «Өнер», 1992



## АТЫ КІМ ЕДІ...

Өздеріңізге белгілі, Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Москвада өткен онқұндігінде халық ақыны Жамбыл Жабаев Ленин орденімен наградталады. Награданы КСРО Жоғарғы Кеңесінің сол кездегі төрағасы М. И. Калинин тапсырады. Жамбылдың атақты «Орден алғанда» деген өлеңі сонда туған деседі.

Міне, сол кісінің қолынан орденді алғаннан кейін Жәкен домбырасын қағып-қағып жіберіп, табан астында өлеңмен жауап береді. Қосіле төгілтіп, мадақтай жөнелген жыр алыбы сөздерді түйдек-түйдек тастап жібереді. Өлеңнің орта тұсына келгенде Калининнің есімі аузына түспей қалаады. Сол сәтте домбыраның шанағын шертіп тұрып, қасындағы әдеби хатшылары, ақындар Тайыр Жароков пен Қасым Тоғызақовқа бұрылып: «Мына қызыңды үрайынның аты-жөні кім еді»— деп өлеңнің ыргағын бұзбай сұрайды. Сол кезде әдеби хатшыларының бірі «Калинин» дәп құлағына сыйырлайды. Оны байқап қалған Калинин:

— Бұл кісі не деп тұр? — деп сұрайды.

— Сізді мақтап тұр! — деп жауап береді олар.  
Рәсімге И. В. Сталин де қатысыпты.

## КЕЛІНГЕ ҚАЛЖЫҢ

1940 жылдың бі ақпаны екен. Жамбыл өкімет салып берген жаңа үйінде көңілі шалқып, бір топ меймандармен кеу-кеу әңгімелесіп отырады. Тал шыбықтай бұралған қыпша бел, көзі мөлдіреген көрікті бір жас келіншек бұларға қызмет қылып жүреді. Әлгі келіншекке қарағыштай берген қарт Жәкен сәлден соң домбырасын қолына алып, байлай деп төгілтіп жырлай жөнеліпті:

— Өлмейтін пенде болмас жаратқанда,  
Күн шығар, шыр айналып, таң атқанда.  
Канбай ма көз құмарың құралайдай,  
Бұрылып қиғаш қасты қаратқанда...

Қатын деген еркектің бауыр еті,  
Кыз құшақтау көңілдің ғанибеті.  
Жөні келсе Жамбылды ескере жүр,  
Келіншектен қалған жоқ әлі ниеті.

Өлеңім ор қояндаи жортасың ба?  
Өр көңіл өлең айтпай қорқасың ба?  
Талайдың екі көзін жаудыраттың,  
Жиырма мен отыз жастың ортасында.

Жүрген жақсы жақынмен араласып.  
Жеңге жүрер ойнаса жанталасып,  
Жеңгеден де ойнауға келін жақсы,  
Жаулығымен жататын бетін басып...

## СҮРАҚҚА ЖАУАП

Қызылорда жақта баяғыда сыйлы бір кісі қайтыс болып, сол кісіні жерлеуге ақын Асқар Тоқмамбетов те барады. Соңынан үйге қайтып келе жатқанда бұжыр бет, масандau бір жігіт ақынға тиісіп, ерсілеу бір сұрақ қойыпты:

— Асеке, сіз ажалдан корықпайсыз ба? Соңғы кезде ауырғыштап жүр деп естімін,— дейді тілін шайнап мұләйімсіп.

Сонда Асекен бар денесімен бұрылып, әлгі жігіттің бетіне бажырая қарапты да:

— Шырағым, іріген ауыздан шіріген сөз шығады. Шіріген сөзді біреу мастықпен айтады, біреу қастықпен айтады. Қастықпен айтатындарда сен секілді бетінің бұжыры, ішінің қыжылы, арап пен шараптың қызуы болады,— депті.

## ИШЕКЕНҢИН ИШАРАТЫ

Медицина ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі, профессор, қазақ жастанына тәрбиелік мәні зор «Қырық сұрақ» кітабын жазған ғалым-дәрігер Ишанбай Қарақұлов әзіл мен қалжынға келгенде алдына жан салмайтын, тілге шешен кісі болса керек. Ишекен жетпістің төріне шықкан шағында, бірде «Мұхит» дүкеніне кіреді. Заманың кең кезі ғой, бір бұрышта суға толы бөшкелерден балықтарды ожаумен сүзіп тірі күйінде шоршытып сатып жатады. Адам көп емес екен, Ишекен де қатарға тұра қалады. Кезегі келген балықтарды таяғымен нұқып көрсетіп:

— Девушка, скажите пожалуйста, у вас эти рыбы свежие? — деп сұрайды.

Сатушы қыздың қаны басына шапшып, шамданып қалады,



— Ви что, старик, ёне видите что ли, они же живые? — дейді айқайға басып.

Сонда Ишекен түк болмағандай сабырмен:

— Ну и что же? У меня дома старуха есть... И она живая, но далеко не свежая,— депті де, кезекте тұрған жұртты қыран-топан күлкіге батырып, дүкеннен шығып кетіпті.

## АҚЫННЫҢ ХАТЫ

Баяғыда, Қызылордада Әлібек Байкенов деген халық ақыны болған еді. Тілге шешен, өлеңді табан астында суырып салатын Әлекенді облыс басшылары үлкенді-кішілі жиын тойларға шақырып, сөз сөйлетуді әдет қылышты. Бірде төсек тартып ауырып жатқан Әлекенді бастықтар қалада өтетін бір үлкен жиналысқа шақырып, кісі жіберіпті. Сонда ақын өзін жиналысқа шақырған бастыққа арнап шабарман жігітке мынадай хат ұстаташты:

«Даңқым таныс өзіңе,—  
Мениң атым Әлібек...  
Риза болып сөзіме,  
Қол соққан ел «пәлі!» деп.  
Жиналысқа баруға,  
Әлібектің алі жоқ.  
Үйден шықпай жатырмын,  
Тауық болып... тары жеп».

## ЖАУАП ӨЛЕҢ

Ақын Жақан Сыздықов пен жазушы Ғабдол Сланов екеуі бірде лайсаң күні көшеде кездесіп қалып, біраз жерге дейін бірге жүріпті. Жақан асықтай домаланған шағын денелі, кішкентай кісі

екен. Жол бойы жаңа өлеңдерін оқып, Фабдолды шаршатып жіберсе керек. Қоштасар сәтте Фабдол:

— Жақа, осы сіз ылғи да жұртты сынап өлең шығарасыз. Бұл жолы мен сізге өлең шығардым,— деді.

— Иә, оқы еңдеше! — дейді Жақаң елпенде.

Сонда Фабдол:

— *Басып батпақ-балишықты,  
Шашыратып шалышықты,  
Базар жаққа баруға,  
Үйден шидей шал шықты.  
Жол бойы оқып өлеңін,  
Күлағымды сарсытты,—*

деген екен.

### САҚАЛДЫ АЛҒЫЗҒАН ӨЛЕҢ

Кеңес Одағының Батыры, әдебиет зерттеуші, академик-ғалым Мәлік Фабдуллин жиналыстарда, ғылыми кеңестерде отырған кезде өлеңмен записка жазғанды үнатауды екен 1971 жылы жазушы Мұхтар Мағаун Ғылым академиясына аға ғылыми қызыметкер болып қабылданады. Ол кез Мұқаның сақал-мұрт қойып, бой түзеп жүрген дәурені екен, Мұқаның сақал-мұрты Мәлікке үнай қоймайды. «Әй, Мұқтар, сапситпай алып тастасаңшы» деп бір рет ескерткен екен, оған Мұқаң көнбепті. Қезекті бір ғылыми кеңесте отырған кезде Мәкен сақалды інісіне мынадай бір өлең жазып жіберіпті:

«*Мағаун Мұхтарға!  
Сақалың мен мұртыңды,  
Жыл бойына өсірдің,  
Таңдандырып қыздарды,  
Сұлуланып көсілдің.  
Әдемі бұл жігіт деп,*



«Старшийге» \* өткіздік,  
Нағыз ғалым інім деп,  
Мақсатыңа жеткіздік,  
Олай болса, бауырым,  
Алып таста сақалды,  
Разы болсын ауылың  
Шығартпа жаман мақалды.  
Жаңа жылда тілегім —  
Шарықтағылым өріне,  
Еңбекіңмән еліңе  
Көріне бер, көріне!

Мәлік. 30.12.1971».

Сыйлы ағасының осы бір өлеңінен кейін Мұқаң сол күні амалсыз шаштаразға барып, сақалын алғызып тастапты.

### ДҮЙСЕНБЕКТІҢ РЕНИШІ

Озінің сатиralық, юмсрлық шығармаларымен танылған ақын Дүйсенбек Еркінбеков бірде танертен жұмысқа бүрқан-талқан ашуланып келіп:

— Кеше газеттен бір жаманың мақаласын оқып, түні бойы ыстығым көтеріліп, қаным тасып шықты,— депті.

— Дүйсеке, соншалықты не бүлініп қалды? — дейді кызметтестері бәйек болып.

Сонда Дүйсенбек:

— Осы қазаққа таңым бар: Абайды кілең орыстардан үйренді дейді. Абайдан да бір орыс үйреніп еді десе ауыздары қисайып кете ме! -- деген екен.

---

\* Бұл жерде «аға ғылыми қызметкер» дегенді мезгел отыр.

## «МОПАССАННЫҢ ӘСЕРІ...»

Көрнекті аудармашы, француз әдебиетінің тамаша білгірі, Бальзактің, Мопассанның талай-талаі шығармаларын қазақ тілінде сөйletкен Хасен Өзденбаев 80 жасқа толып, астаналық бір ресторанда үлкен той жасапты. Хасекен сексенге келседе томағалы бүркіттей сыр бермеген, тұзу жүріп, тік отыратын, шашына қылау түспеген келбетті кісі екен. Сөз кезегі тиғенде ақын Сыrbай Мәуленов:

— Өзденбайдың Хасені,  
Жан біткеннің әсемі.  
Ақ түспеген шашына,  
Сексенде де жас өңі...  
Тиді ме әлде, кім білсін,  
Мопассанның әсері...—

деп тост көтеріпті.

## ▼ «БІЗ КІНӘЛІ БОЛМАЙМЫЗ...»

Бірде ақын Өтежан Нұрғалиев қасында екі-үш серігі бар Жазушылар одағына келе жатса керек. Дабыр-дұбырмен әңгіменің қызығына түсіп бағдаршамға зер салмаған олар ушы мол күретамыр көшениң қызылысынан қалай өтіп кеткендерін аңғармайды. Сонда ерсілі-қарсылы ағылған машиналар алды-артын бірдей орап не ілгері жүрерін, не кейін шегінерін білмей сасқалақтаған жаңындағыларға Өтежан асфальт жолдың ортасындағы жолақ-жолақ алаңшаны көрсетіп:

— Тездетіп анау жолаққа шығып алайық. Одан кейінгісін көре жатармыз. Әйтеуір, машина қағып кетес біз кінәлі болмаймыз, жауапқа да тартылмаймыз,— дейді өзіне-өзі риза кейіппен.



## ӨТІРІК АЙТАДЫ

«Қазақтың Левитаны» атанған әйгілі диктор Энуарбек Байжанбаев күнделікті әдеті бойынша радиодан соңғы хабарларды оқып жатады. Тыңдаушыларды жаңалықтармен таныстырып біткен ол іле ауа-райын бакылаушылардың алдағы тәулікке арналған болжамына көшеді.

— Бұған түстен кейін республика астанасында көшпелі бұлт шығып, баяу жел тұрады. Күн жаумайды...— Осы тұска келгенде кілт токтаған Энекең өзінің тікелей эфирде отырғанын сезсе де әпәдемі қоңыр даусымен хабарын былайша жалғастырады.— Жок... Ауа райын зерттеушілер өтірік айтады... Сенбеніздер, жаңа ғана көшеден келдім. Алматыда қазір селдептің ақ жауын құйып тұр...

Тек қағазға қарап, қағазда не жазылса соны ғана оқып беретін тоқыраудың заманында атақты диктордың бұл қылышы үлкен айғай туғызады. Мәсесін түрлі жиналыста қаралып, талқыға түскен Энекен, әйтеуір, қатаң сөгіс алып пәледен зорға құтылған екен.

## НЕСІНЕ БАС ҚАТЫРАМЫЗ

Ақын, әрі сыншы Аян Нысаналы кейінгі кездері кейбір журналистік туындыларына фамилиясын алып тастанап, құр «Аян» деп қана қол қойып жур. Оның тұра осындаи «подписен» тағы бір мақаласы «Егеменді Қазақстанның» әдебиет пен өнерге арналған «Жансарай» деген бетінде шығып бара жатады. Қешке жақын газеттің келесі санының беттерін қөріп отырған бас редактор Шерхан Мұртаза мақаланың соңындағы жалғыз есімнің тұсына баттитып үлкен сұрап белгісін кояды да:

— Аты-жөнін тұтас жазу керек. Әйтпесе псевдонимін қойған жөн,— дейді.

— Шेң-аға, соңғы уақытта осылай жазып жүрғой өзі,— дейді секретариаттың кезекші жігіті.

— Кім? Аян мырза ма?..

— Иә, өзіне ұнайтын болуы керек,— дейді кезекші.

Сонда Шераған әлгіндегі сұрақ белгісінің белінен айқастыра екі сзызып:

— Жарайды, ендеше. Кете берсін, өз әкесі өзіне қажет болмаса біз нессінс базымызды қатырамыз,— деген екен.

## БІР АУЫЗ СӨЗГЕ СЫЙҒЫЗЫП...

Ұлы жазушы Фабит Мұсіреповтың бәйбішесі Құсни дүние салған күндерде ақын Мұзафар Әлімбаев ауруханада жатып, каламгер ұстаз ағасына барып көніл айта алмапты. Содан араға айлар түсіп кетеді. Ол екі арада сөз зергері төсек жаңғыртып үлгереді. Бұл тұста да ақын, қазақша айтқанда салақтыққа салынып уакытылы құтты болсын айта алмаса керек.

Бір күні Қазақстан Жазушылар одағының бірінші басшысы Фабит Мұсірепов бір топ ақын-жазушыларды мәжіліске шақырады. Олардың ішінде Мұзафар Әлімбаев та болады. Ақын бір күн әуреге түсіп, жазушы ағасына не айтарын, қалай айтартын білмей қатты толғанады. Кейбір қаламдастарымен де, бәйбішесімен де ақылласады. Айтсам дегең ойын бірнеше қалыпта қағазға түсіріп көреді.

Ақыры жинальс ашылардан он-он бес минут бұрын Габеңің алдына келген ақын:

— Ассалаумағалейкем Габе, қасіретініздің орнын баса келген құс-куанышыңыз құтты болсын! — дейді.



Ағасы інісінің колын ризалықпен алыш, раҳмет айтады.

Сонда Габеннің кабинетінде отырған ақын Жұбан Молдағалиев:

— Габе, Мұзғаң сізден қысылып жүр еді, «сөз тапқанға қолқа жок» деген осы,— деген екен.

### ТАМАҚ ШПЕЙТИН БАСТЫҚ

«Қазақстан коммунисі» журналының бас редакторы болып тұрғанында Мамажанов дәп түскі ас уақытында редакция қызметкерінің бірін іздетоді. Ол жігіт түскі асқа кетіп қалған болып шығады. Екінші күні де дәл сол уакта тағы да іздейді. Әлгі жігіт тағы да тамаққа кеткен көрінеді. Сол күні әлгі бейшараны арнайы шақырып алған бас редактор:

— Немене, күнде түстік іше бересіңдер ме? — деп ұрысқан екен.

### «БӘРІМІЗ ДЕ ЖІГІТ БОЛҒАНБЫЗ...»

С. газет редакторы қызметін атқарып жүрген уақта, бір күні таңертең жұмысына келіп, енді орнына жайғаса бергені сол екен, есік ашылып, редакцияның бір қызметкерін желкелеген әлдекандай келіншек кіріп келеді. Түрі өрт сөндіргендей, әлемтапырык.

— Бітті,— дейді долылық буған келіншек шаптығып.— Мен мына сұмырайдан айрылысамын. Жарты сағат та бірге тұрмаймын. Сотқа жазған арызыым міне.

— Не болып қалды, шырағым? — деп сұрайды редактор аң-таң болып.

— Мына албасты ылғи «кезекшілікке барамын» деп кететің, анқау басым сенетінмін. Тұнде де «кезекшіліктен» келіп тұр. Қарасам... Ойбай, бетсіз, бұтына әйелдің лыпасын киіп алыпты. Болды, енді айырылысамын мұнымен! Жиналыс жасаңыз, білсін жүрт мына бетсіздің не жасап жүргенін...

Сол сол-ақ екен, редактор ақынп, қызметкеріне шүйіліп:

— Қөзіннің еті өсейін деген екен. Біздің газеттен алған буда-буда гонорардың буы алып бара жатыр фой сені. Қаңғытып жіберемін! Қазір бүй-рыққа кол қойып, жұмыстан шығартамын да, республиканың еш газеті жұмысқа алмайтын етемін. Бала-шағанды асырай алмайтын күйге жеткізіп, құмалак тергіземін,— деп айқайға басады.

Құдай қосқан қосағының осыншалық мұсәпір күйге ұшырайтынын естіген, әрі күйеуінің гу-гу ақшадан да қағылатынын үққан келіншек бастап-қыдай емес жуасып:

— Аға,— дейді жыламсырап.— Аға...

— Жок, сен қоя тұр. Енді мен айтамын,— деп редактор оны тоқтатып қояды.— Мен бұны Қазақстаннан бездіремін. Түстен кейін қәсіподак жиналысын жасап, моральдық мәселесін қараймыз. Кәне, арызыңды маған бере тұр...

Сотқа жазылған арыз қолына тиген редактор келіншекті алдап-сулап есік аузына дейін шығарып салады да, қайтадан орнынта жайғасады.

— Ух! Қеліншегінің үрейін ұшырдық-ау, деймін, арызын да алып қалдық. Мейлі, ештеңе етпес, өйтіп-бүйтіп тіл табыс, бірақ жалпы абай болу кепрек кой. Бәріміз де жігітшілік жасадық, бірақ лыпамыздың бір ғана балағын шешетінбіз,— деп кенес қосқан екен.

## ТЕМЕКІ ТАРТАҮЫН ЖЕР

Студент күндерінде-ақ алғашқы повесімен ауызға ілікken жас жазушы Серік Жанәбілов алдындағы ағаларға көп еркелей береді екен. «Лениншіл жас» (казіргі «Жас алаш») газеті редакциясында істеп журіп, Серік газет редакторы, белгілі жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың кабинетіне кіріп, қалтасынан темекі суырады да, тұтата бастайды.

Оның мұнысын үнсіз бақылап отырған Сейдаған:

— Серікжан, менде шаруаң бар ма еді? — деп сұрайды күлімсіреп.

Сонда Серік:

— Жәй. Сіздің қасынызда отырып бір темекі тартайын дегенім ғой,— депті.

### ҰҒЫР ҚЫЛУ

Құрдастарының бірі Серік Жанәбіловке редактордың (С. Бердіқұлов) даусына салып:

— Серік, маған келіп кетші,— деп телефон соғыпты.

Серік редактордың бөлмесіне кіріп, есік аузында үн-түнсіз тұрып қалады. Әлдеқандай қағаздарға шұқшип отырған редактор:

— Серік, жайшылық па? — деп сұрайды әлден уақта.

— Әшейін, амандасып шығайын деп едім,— дейді мұндай сауалды күтпеген Серік.

Осы жағдай екінші күні де қайталанады.

Үшінші күні телефон шырылдаған бетте тұтқаны жұлып алған Серік бұл жолғы телефон соғушы редактордың өзі екенін білмей:

— Әй, көке, кісіні әбден ығыр қылдың ғой, не керек өзіңе,— депті ашуланып.

## НҰРҒАЛИ АҚЫННЫҢ АЙТҚАНДАРЫНАН

Нұрғали Тұнқатаров 96 жасында дүние салған төкпе ақын. Соғыстан кейінгі жылдары бір ауылға келіп өлең айтқанда жүрт күрмет көрсетіп, алдына ақша салып жатады. Қабидолда деген колхоз бастығы 10 сом, одан соң Сәйда деген мұғалім келіншек 30 сом тастайды. Соны көріп тұрған Нұрғали:

*Болғанда біреу кесек — біреу ұсақ,  
Қырысқтыны қоймай ма құдай тұсан.  
Бастықтың 10 теңгесін жауып қалды,  
Ақшасы мұғалімнің көрпеге ұқсан...—*

деген сцен.

\* \* \*

Енді бірде Нұргалиды аудандық сауда мекемесінің бастығы қонаққа шакырып, өлең, жыр айтқызып, «енді әйелімді мактаң, бір ауыз өлең айтыңызышы» депті. Сонда Нұрғали салған жерден:

*Күлжабас, жалпақ сауыр, белдемелі,  
Күсі бар шынтағының төрт-бес елі.  
Үшқан құс, жүгірген ақ — бәрі тамақ,  
Құдай-ау, мақтаттың ба әлденені,—*

деп соктырта жөнелгенде үй несі:

— Ой, токтаңыз, мақтамай-ақ койыңыз,— деп ақынды өзі токтатыпты.

## КӨШТІ ТОҚТАТҚАН ӨЛЕҢ

1916 жылдың дүрбелеңінде Семей облысындағы Дағанды болысының керейлері Қытай мен Монголиядағы туысқандарына үдерс көшпек болып, кеңес құрады. Сол келедегі жиынға келе қалған Төлеу ақын (Төлеу Қебдіков, көрнекті халық ақыны, 1874—1953 жж.) табан астында былай дейді:





— Сарыарқа, қалармысың өскен жерім,  
Кір жуып кіндігімді кескен жерім.  
Қалмақпен қан төгісіп атам қонған,  
Жеті жұрт бізден бұрын қошкен жерім.  
Айрылып Сарыарқаның саясынан,  
Болар ма қазақ аты өшкен жерім.

Сарыарқа сайың толған бұлақ еді,  
Сені аңсан жұртың талай жылап еді.  
Сылдырап ақ зәмдемдай тастан шыққан,  
Кірің жоқ сүңң сенің сынап еді.  
Ақ ауыл, ақтылы қой, айдаған мал,  
Жарасып кең қолқаңа құлап еді.  
Ақтабан — шұбырынды аштық көріп,  
Тозған ел басын жаңа құрап еді.  
Қауымы қарындастың қының болды-ау,  
Аумақ бол ел Арқадан сұлап еді!

Сарыарқа, сайың толған арқар еді,  
Өзенің өлкे толған шалқар еді.  
Құс салып, ит жүгіртіп, мылтық атып,  
Адамның шер-құмары тарқар еді.

Құдығың шөл қандырап, тас қалаған,  
Мал ішіп көк бастауға баспағаған.  
Қызығы жаңа шыққан жасыл шөптің,  
Кем емес тілі шыққан жас баладан.

Сарыарқа, үйқыменсін таң атырған,  
Таң атса — күлкіменен күн батырған.  
Айтуға аузым тосаң, көңілім босаң,  
Қорқамын осы жолдың қымбатынан.  
Басына қай моланың дүға оқимыз,  
Кеткен соң бабамыздың зиратынан!

Сонда үйлерін жығып көшкелі отырған ел «Өлсек сүйегіміз осы Сарыарқада қалар, көшпейміз» деп күрт өзгеріпти. Сөйтіп, өлеңнің құдіреті бүкіл бір елдің тағдырына асерін тигізген.

Әрине, бұл ұзак өлең екен. Соңынан «ұлтшылық сарыны бар» деп тыым салынғандықтан, көбі ұмытылып, ел аузында қалғаны жоғарыдағы шумактарғана.

### ТҮРМЕДЕГІ ӨЛЕҢ

Кейін осы және басқа да өлеңдері үшін қудаланып, Қарқаралының тоқал түрмесінде жатқанда камераластары Төлеуге «Ақын екенінді білейік, мына босағадағы дәрет шелекті өлеңге қосшы» депті. Төлеудің сондағы айтқаны:

*Саялы Сарыарқаны сағындырып,  
Зорлықпен қара күшке бағындырып —  
Құманмен дәрет алған мұсылманды,  
Қойды ғой парашаға шабындырып!*

### ШӘҚІР МЕН ТӨЛЕУ

Төлеу мен Нұрлыбек Баймұратов Семейде айтысқа шыққалы түрғанда ақын Шәқір Әбенов Төлеуге келіп «басым ауырып түр, бірдене таста» дейді.

— Е, үндемей аласың ба? Бірдене десеңші,— дейді Төлеу.

Сонда Шәқір:

*Бәйгеге кәрі айғырды қосып тұрмыз,  
Алдынан келе ме деп тосып тұрмыз.  
Жаздай сұлы көрмеген күнқақты еді,  
Сүрініп кете ме деп шошып тұрмыз,—*

— Экелші енді! — депті.

## ТАПҚЫРЛЫҚ

Сәбит Мұқанов бір көрген адамын ұмытып қа-  
лып, келесі кездескенде басқамен шатастырып ала  
береді еken. Біrde аялдамада тұrsa, қасына біr  
жас жігіт келіp сәлем береді де, есен-саулық сұра-  
са бастайды. Оны тани алмаған Сәбен: «Кім де  
болса ел жақтан келген жігіттің біrі шығар»,—  
деп жорамалдайды да:

— Ал, мұнда қашан келіp қалдың? — деп сү-  
райды. Таңырқаған жігіт:

— Сәбे-ау, мен осында мын ғой,— депті.

Сәбен де сонда онша қиналмастан:

— Жок, осында екенінді өзім де білемін ғой,  
тап осы аялдамаға қашан келіp қалдың деп тұр-  
мын ғой,— деген еken.

## ҒАБЕҢНІҢ АҚАЛЫ

Біrde жазушы Сәкен Жұнісов шаруа жағдайы-  
мен Фабит Мұсіреповтің үйіне барыпты. Біrаз ән-  
гімелескен соң олар көшеге шығып, серуен демекке  
жинала бастайды. Сол сәтте Ғабен: «Сен осы, Сә-  
кен-ау, босқа жүре бересің бе, біреуіне орналасып  
алмайсың ба?» — деп, кейбіr бос тұрған мекеме-  
лердегі басшы орындарды айттыпты. Сәкен:

— Ғабе-ау, мен партияда жоқ емеспін бе! —  
дейді ғой.

Аяқ киімін киіp жатқан Ғабен ойланып жат-  
пастан:

— Сөз болғаныңа, беспартийный Әуезовтың  
атында райком бар емес пе? — депті.

## ЖОЛ ҮСТИНДЕ

Бір күні Бауыржан Момышұлы поезбен сапарға шағыпты. Үстінде қарапайым ғана қазақи киім болса керек, вагон ішінде арлы-берлі сапырылысқан жолаушылар Батыр ағаға жол бере қоймапты. Купеге кіретін жерде де қарбалас екен, қолындағы заттарын қояйын десе, бір дәу қазақ шынтағымен тіреп: «Ей, арық қойша тырмыспай әрмен тұра тұрсаншы»,— деп жолын бөгепті. Ашуға булықкан Бауқен, қанша дегенмен Батыр адам ғой, сабыр сақтап, жайғасып алғанша үндемепті. Орналасқан соң әлгі дәу қазаққа отты жанарын қадай түсіп:

— Ал енді таныспаймыз ба, бір үйге тіреу болғандай бойы-сойыңыз бар екен, кім боласыз? — депті. Сонда әлгі палуан қазақ ыңыранып, сірә, мақтаныштан да кетәрі емес:

— Кім екенімді танымай отырсың ба, Герой боламын,— деп омырауындағы Алтын Жұлдызын ырғап қойыпты. Намысы келген Бауқен енді:

— Бұл Батыр атағын не үшін алдыңыз? — деп қатқылдау үнмен тіл қатады.

— Жұз биеден жұз құлын алғаным үшін,— депті дәу қазақ гүрілдей сөйлеп. Одан сайын на-мыстанған Батыр енді турасына көшіп:

— Айғыр шапты, байтал тапты! Онда сенің қандай қатысың бар?! — депті.— Герой атағын саған емес, жұз құлын таптырған айғырға беру кепек еді. Міне, көрдің бе, текке мақтанып отырсың. Ал мына мен Москва тубінде — Волоколамск тас жолында қалың жауды жайратсам да, омырауыма бір де медаль такқаным жоқ, бірақ халық қойған Батыр атағым бар!

Сонда барып сапарлас жолаушысының кім екенин сезінген дәу қазақ бір қызырып, бір бозарып, не дерге білмей саскалақтап:

— Япыр-ай, әлгі Бауыржан деген адам сіз боласыз ба... Сіз боласыз ба? — дей беріпті.

## ҚАРА ҚӨЗІЛДІРІКТІң ӘСЕРІ

Қалыптасқан дәстүр бойынша дүйсенбі күні ертенгісін «Егеменді Қазақстанның» шаңырағында кезекті лездеме өтіп жатады. Өткен апта ішінде жарық көрген материалдарға журналистер тара-пынан тиісті бағалары беріледі. Жазғыш Нұри Мұфтахтың да екі сын мақаласы, бір фельстоны шыққан екен. Оларын әріптерлерінің бірі мактап, бірі жерден алып, жерге салып тұралатып тастайды. Осылай екідай пікір туып тұрған кезде жас журналистердің бірі қарап отырмай:

— Осы, Нұрекен үнемі тек кемшіліктер мен келенсіздіктерді, жаманшылықтарды көретіні қалай? — дейді.

Сонда Нұрекенің құрдасы жазушы-журналист Кенесхан Зәкенов:

— Өй, қарағым-ай, соны да білмейсің бе? Біздің Нұриден жақсылықтарды қайдан көреді, қайдан жазады. Егер өзінің де көзі көрінбейтін қапқара көзілдірігін күні-түні бір шешлессе,— деп іле жауап беріпті.

## МЕН ҮЙГЕ ЖЕТКЕНШЕ...

Журналист Тәжібай Битайдың жанынан табанды екі шумак өлең шығару өнеріне коса, жататастар біркакпайлары да бар. Бірде Тәкең жұмыстан ерте кетіп бара жатса керек. Мұны көрген қаламдастарының бірі:

— Оу, Тәке, әлі ерте емес пе,— дейді.

Сонда Тәкең сағатына қарап.

— Неге ерте, қазір міне бес болыпты. Мен үйге жеткенде сағат тұра алтыны шертеді,— деген екен.

## АРНАЙЫ СЫН

Ақындаң сеќціясының бір мәжілісінде Сырбай Мәуленов сөйлеп, кейбір жас ақындардың кемшилігіне тоқтапты. Солардың ішінде Фаббас Жұмабаев та бар екен. Ол:

— Жаныңызда жүрген жалғыз мені несіне сынадыныз,— депті ренжіп. Сонда Сырбай:

— Жанында жүрген жақынын сынаамады демесін деп сөні арнайы сынағанымды түсінбеген екенсін,— деген екен.

## ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰБАТУ

Торғай өңірінде өмір сүрген Әбіқай Нұртазаұлы деген адам алғыр ақын, сөзге ұста болыпты. Бірақ шаруаға икемі жоқ екен. Оңаша отыrsa өлең жазып, көпінен отыrsa келелі әнгімені жосылта айтып, жұрттың мейірін қандыратын жезтаңдай кісі көрінеді. Бір жылы қыс қатты шөп тапшы болып, Әбіқайдың қолындағы айналдырған үщ қойдың біреуі өліп қалады. Бұған бәйбішесі ренжісе керек. Сонда шешен отар-отар қой айдал отырғандай:

— Бәйбіше, ренжіме, мал іші болған соң өлімжітімсіз бола ма? — деп жұбату айтыпты.

Екінші қойы өлгенде:

— Мал болған соң өледі де, түгіміз жоқ болса неміз өлер еді,— деп айылын жимапты.

Күтімсіздікten үшінші, соңғы қойы өлгенде:

— Шүкір, енді өлім-жітім тылар,— деген екен.

## БАСШЫҒА ЖАУАП

Елуінші жылдардың бас кезінде Жанкелдин ауданындағы жауапты қызметкерлердің бірі сөзге олақ болса да ақын Нұрқан Ахметбековпен әзіл-



десе береді екей. Бірде мал ішаруашылығындағы жетістіктері үшін ауданың бір топ озат еңбеккерлеріне сыйлықтар тапсырылыпты. Сонда әлгі бастық Нұрқанға «бұл табысқа мен де ортақпын» дег кайта-қайта айта берсе керек. Сонда ақын жалт қарап:

*Шешен емес шорқақсың,  
Батыр емес қорқақсың.  
Сонда да сен әуданың  
Жақсы ісіне ортақсың,—*

—деген екен.

### АДАМДАР БАР АЛАСА

Елуінші жылдардың басы болуы керек, бірдө Габдол Сланов, Қасым Аманжолов және тағы бірнеше адам жаздың әсем бір күнінде қала сыртына, Талғар бетке серуенге шығады. Сонда Габдол:

— Шын ақын екенінді білейін, мына Талғар шыңы туралы табан астында суырып салып бір шумак өлең шығаршы,— депті.

Сонда Қасым қолма-қол:

*Таулар неткен тамаша  
Алыстан тұрып қараса.  
Әттең таулар баурында  
Адамдар бар аласа,—*

—деген екен.

### ДҰРЫС БОЛДЫ РОЙ ӨЗІ

Әлкей Марғұлан 70 жасқа толып, біраз кісілерді қонаққа шақырады. Әбділда Тәжібаевтар алтынмен алтаған екі күміс кесеге ойып жаздырып, енді үйден шыққалы жатқанда құдасы Ишанбай Каракұлов телефон соғып бірге бармак

болып уәделеседі. Ишекен жалғыз әрі құр қол болса керек. Әлекеңдікіне келген соң Әбекенің зайыбы Сара апай әкелген сиын бермекші болып сумкасынан алып жатқанда, Ишекен:

— Қадірлі Әлеке, сіздің жетпіске келген торқалы тойыңызды Әbdілда, Сара және мен шын жүректен құттықтаймыз. Өзіңіз білесіз, мен Әbdілдамен бауыздау құдамын ғой, еншіміз бөлінбөген. Бәріміз жиналышп, сізге не сыйласақ лайық деп, ақырында жеңеміз екеуіңізге алтынмен аптатып, екі күміс кесе сыйлауды жөн көрдік. «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» деген,— деп суырыла сөйлеп Сара апайға бұрылады.

Апай екі кесенің бірін Әлекене, екіншісін ол кісінің зайыбына тапсырады. Оңаша шыға беріп Ишекен құдағына:

— Сый сендердікі, сөз менікі, дұрыс болды ғой өзі,— деген екен.

### **«АДАМ БОЛҒАН СОН...»**

Оспанхан Әубәкіров бірде демалып, көшеде се-руенде жүрсе, бір милиция тоқтатып, дөрекі үн-мен:

— Эй, неғып жүрсің? — дейді.

Сонда Оспанхан:

— Адам болған соң жүреді де, ит болған соң үреді де,— деген екен.

### **БЕЛГІСІЗ ЖОЛАУШЫ**

Бірде ақын Асқар Тоқмағамбетов Жамбыл қаласына келіп, қала маңындағы бір ауылға барайын десе, көліктің орайы келмейді. Содан жол үстінен жүргінші күтіп, ағылып жатқан машиналарға қол

көтереді. Сөйтіп тұрғанда бір «Волга» машинасы тоқтайды. Алдында отырған дәу қара кісі амандық-саулық жоқ, отыр дегендей артқы орындықты иегімен нұскай салады.

Қала іргесі жалғасып жатқан елді мекен ғой. Көп үзамай машина бір үйдің алдына тоқтайды да, әлгі алдыңғы орындықта отырған дәу қара үйге кіріп кетеді. Содан бұлар әрі күтеді, бері күтеді, әлгі үйден шықпайды. Құн болса аспан айналып жерге түскендей ыстық. Машина іші тіптен қапырық. Бір мезгілде Асекең шыдай алмай шоферға:

— Әлгі кісі қашан шығады екен, біліп келші,— деп өтініш айтады.

Шофер барып келіп:

— Шай мен арақ ішіп отыр, әзір шығатын тури жоқ,— деп қайтып келеді.

Асекең:

— Мұның аты кім еді? — дейді.

— Оның аты Дүмшебай, келесі колхоздың бастығы,— дейді шофер.

Сонда Асекең:

«Жамбылда жолдас болдым Дүмшекеңмен,  
Шыжғырып өтіп барад күн шекемнен.  
Дүмшекең біздерменен жұмысы жоқ,  
Арақты сілтеп жатыр қумишекермен»,—

деп бір ауыз өлең жазады да, аяғына «Асқар Ток-мағамбетов» деп көл койып, шоферден беріп жібереді.

Іле Дүмшекең шоферден бұрын үйден атып шығып:

— Асеке, «Білмеген у ішеді» деген, сізben кез-десемін деп ойлаған жоқ едім. Ат-тоң айыбым бар,— деп аяғына жығылған екен.

## АПАМЫЗДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бірде Сәбит Мұқановты Мәриям апамызбен қосып қырғыз ағайындар құрметтеп қонаққа шакырады. Қолдан-қолға тигізбей ықылас көрсетіп, тамаша қонақжайлышпен сый-сияпат көрсетеді. Осы жслы бір бас қосуда есіп әңгіме айтып отырған Сәбен сөз арасында:

— Қырғыз ағайынға қарағанда мына біздер, қазақтар ақсүйектеу ғой,— десе қерек. Бұл сөзді көніліне алып қалған қырғыздың халық ақыны Қуанышбек Мәліков табан астында:

— Сәбе, рас айтасыз, сіздердің ақсүйектеу екендеріңізге күмән жоқ, себебі Қенесарының ақсөңке боп ағарып жатқан сүйегін күнде көріп жүрміз,— депті.

Екі үлкен адамның сөзбен шарпысып қалғанына отырғандар ыңғайсызданып, жүздерін бұрады. Сонда Мәриям апамыз сөз алып:

— Откеннің шаңын шығарып, өлгеннің басын ауыртып қайтесіндер, онан да бүгінгі күй, ертеңгі жайымызды ойлайық. Басқаны қайдам, өз басым осында келгелі Наурызбайға тартқан бауырларымды көріп, бір жасап қалдым! — деген екен.

Сонда Қуанышбай Мәліков орнынан тұрып, Мәриям апамыздың жаулығының ұшынан сүйіпті. Ал, бауырлас ағайынның көніліне келетін сөз айтып қалғанынаabdырап отырған Сәбен әрі толқып, әрі жадырап, суланған көзін орамалмен сүртіп:

— Эй, осы анау тапқыр, мынау тапқыр дейді, мен үшін Мәриямнан тапқыр ешкім жоқ! — деген екен.

## ТАНЫСТЫРУ

Бұдан біраз жол бұрын белгілі ақындарымыздың бірінің елу жасқа толуына байланысты оның туған аулындағы совхоз клубында мерекелік кеш өтеді. Той иесін, онымен бірге келген ақын-жазушыларды жеке-жеке майын тамыза мақтап жүртқа таныстырған қаламгер ең соңында өзіне келгендеге сынайы ғана «Мен Сырбай Мәуленов боламын, ықыласпен қарсы алғандарыңызға рақмет!» деп орына отырады.

Іле мінбеке жазушы Сәкен Жұнісов көтеріліп, жүртқа Сырағанды нұсқап тұрып, былай деп таныстырған екен:

Халқымызға танымал бір ағамыз,  
Поэзияда бсы бермес жыр ағамыз.  
Сұрапыл соғыстан да аман қайтқан  
жаны сірі ағамыз,  
Балуан денелі, батыр бейнелі ірі ағамыз.  
Нәзіктігімен,  
Жазықтығымен,  
Жазғыштығымен  
Аты шыққан Сырагамыз!

## ЖАУ ЖАҒАДАН АЛҒАНДА

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ жастарының бұл қылышын мінеп-шенеген, сондарына түсіп кудалап-соттаған науқан басталғаны мәлім. Сондай жиналыстың біреуі бұрынғы Баспасөз комитетінде де өткен болатын. Республикалық баспалардың жетекші мамандары, баспахана басшылары, комитет қызметкерлері арнайы шақырылған әлгі жиналыста Тұрсынбаев деген бір үзын бойлы профессор ұзак-сонар сөз сөйлейді.

Сөзінде былайғы шешендерше алаңға шықкан қазақ жастарын сұнаумен тынбайды, соның төркінін әріден, қаймана қазақтың өз мінезінен, оның дәстүр-салтынан, шығып жатқан кітаптардың ішінен іздеуге тырысып бағады. Қысқасы, не керек, қазақ ақкөніл, қонақжай дегеннің бәрі әншейін сөз, ұлтшылдық қасиет о бастан қанымызда бар дүние, әйтпесе бүгінгідей дүниежүзінің алдында қазақты қарабет еткен, сүйекке тақба түсірген ыңғайсыз оқиға болмас еді дегенге саяды фой. Профессордың қазақты жоққа шығарған мұндай баяндамасынан соң жиналған жұрт біреу төбелерінен қойып қалғандай не айтарын білмей біраз уақыт сілейіп отырып қапты. Осы кезде жазушы Сұлтан Оразалинов қалың топтың ішінен сұрылып шығып, мінбеге беттейді. Біреулер оку мен жұмыстан шығып, енді біреулер сотталып, біреулер атылып жатқан, әйтеуір «қазақ жаман» деген қыын-қыстау кезен болса да, мінбеге шықкан Сұлтекең профессордың сөзін жоққа шығарып, қазақты арашалауға тырасады. Қазақтың қонақжай мәрттігі профессор Тұрсынбаевқа дейін де мың-миллион рет дәлелденгенін, тіпті оны қазақтың өзі шығармағанын, сондау Ибн-Фадлдан, Рубрук, Марко Полодан бастап, кешегі Янушкевич, Залесскийлерге дейін тайға таңба басқандай хатқа түсіріп кеткенін нақты деректер келтіре отырып дәлелдеп береді.

Жиналғандар арқасынан ауыр жүк түскендей «үй» деп дем алып, сыртқа шықкан кезде бір досы Сұлтекене:

— Мынау алмағайып заманда бәлеге қалармыз деп бәріміз жүрексініп отыр едік, көңіліміздегінін айттын... Алла-тағала өзіне жар болып, қызылкөзден сақтасын! — дейді шын ризашылдығын білдіріп.

Сонда Сұлтекең:

— Тау сыртындағы жау кәрлі келеді деуші еді, ту сыртындағы жау онан бетер екен ғой...— деп, ашуын сонда да баса алмай, мәндайының терін сүрте беріпті.

## МӘСЕЛЕ СЕН ЕКЕУМІЗДЕ

1982 жылы қазақ әдебиетінің алыптары Фабит Мұсірепов пен Фабиден Мұстафин 80 жасқа толып, олардың мерей тойлары республика қолемінде кеңінен атап өтіледі. Осыған орай көрнекті телепублицист-жазушы Сұлтан Оразалинов қос Фабен туралы жеке-жеке әдеби-көркем хабар түсіреді. Ол хабарлар екі тілге аударылып Мәскеудегі Орталық теледидардан да, республикалық теледидардан да көрсетіледі. Хабарға шын риза болған Фабит ертеңінде Сұлтанды қонаққа шақырып, сыйлап, сол жылы Мәскеуден шыққан екі томдық кітабына қолтаңба жазып беріп, алғысын айтады. Сұлтанды шығарып салған соң, көненің көзіндегі болған досы Фабиденге әзілдеп телефон шалыпты. Екеуі қалжыңға сүйеп, сөзбен шарпыса қалса, қашанда от ауыз, орақ тілді Фабиден сүріндіріп кете береді екен. Бұл жолы да досын бір сынамақ болып:

— Эй, Фабиден,— дейді әңгімені әріден бастап,— Екеуміз де сексенге келдік... Сұлтан ініміз екеуміз туралы құлаш-құлаш хабар жасап, орысша да, қазаша да теледидардан көрсетіп жатыр... Атағымызды шығарып, аруағымызды тағы бір аспандатып жатыр. Мұның бәрі жөн-ау. Бірақ, осы менің бір байқағаным Сұлтан екеумізге екі түрлі қарайды ғой деймін? — дейді.

— Е, неге? — деп, Фабиден бұл сөзге елең ете түседі.

— Олай дейтінім,— сені түсірген кезде жарығы да жақсырап, суреті де айқын, бояуы да ашық, сөз-

дері де ширак шыққан секілді.— Ал маған келгенде суреті де көмекілеу, бояуы да солғындау болыпты. Соған қарағанда Сұлтан менен ғөрі сені жақсырақ көре ме деп қалдым. Осының сыры неде? — дейді Фабит қуланып.

Сонда Фабиден іркілместен:

— Пәлі, Фабит, сенің соған да ақылың жетпей түр ма? Сұлтан ініміздің пейілі екеумізге де бірдей, оған шұбән болмасын... Мәселе Сұлтанданда емес, мәселе — сен екеумізде болып түр ғой. Мен телевизорға айқын әрі жарқырап шықсам, ал сен көмекі, солғын көрінсөң — оның сырын екеуміздің бірдей еместігімізден, тең еместігімізден ізденін ғана, — деп жауап беріпті.

Досының бұл жауабына Фабит көзінен жас ақсаша күліпті де:

— Сен мені бұл жолы да ондырмай сүріндірдің, Фабиден,— деп мәз болып телефонның құлағын ілсекерек.

### ҰТЫМДЫ ЖАУАП

Жазушы Мұхтар Мағауин бірде Едіге деген ұлына былай депті:

— Баяғыда, мен сенің жасында, яғни студент кезімде Қарамзиннің 12 томын, Соловьевтің 6 томын, Ключевскийдің 8 томын тәмемдап тастағам. Ол ол ма, әлемдік тарихтың нелер бір інжу-маржандарын теріп, оқып бітіргем. Сенде ондай ынтаҗігер жоқ, бар болса да маған жетпей жатыр. Екіншісің! — деп ескерту жасайды.

Сонда Едіге мырс етіп, желкесін қасып:

— Қеке, сіздер 20 жылдан соң коммунизм орнатпақ болған, 10 жылдан соң Американы қуып жетіп, басып озбақ болған, жарқын болашағы бар әлемдік ең ірі державаның жастары едініздер. Ал

мән болсам ауғаннан жеңіліп қайтқан, бір-бірімен қырық пышақ болып жанжалдасып жатқан, өзін-өзі асырай алмай көтерем қойдай жаутандап жасып қалған, ертеңі не болары белгісіз үшінші қатардағы мемлекеттің жас азаматымын ғой,— депті.

## ҚҰРДАСТАРДЫҢ ҚАЛЖЫНЫ

Жазушылар Акселеу Сейдімбеков пен Қадірбек Сегізбаев бір-бірімен қатты қалжындастын көрінеді. Былайғы бөтен жерде отырса да бірін-бірі мысалға келтіріп, әңгімелеріне бірінің атын бірі қосып, былайша айтқанда, әзіл араластыра тұз-дықтап отырады екен.

Бірде Ақселеу «Жалын» баспасында жатқан бір қолжазбаға жабық пікір жазады. Қолжазба — біреудің жазған ұзақ-сонар ертегісі екен. Тегі, ертегі нашар жазылған болса керек, Ақселеу: «Ертегінің қисынсыздығы сондай, сонау ықылым замандағы Шыңғысхан мен өткен ғасырдағы Наполеон соғысып, оларды бүгінгі біздің арамызда жүрген Қадірбек Сегізбаев арашалап алғандай әсер етеді» деп, ресми пікіріне досының атын тағы да қосып жазып жіберіпті.

## ШЫМБАЙҒА БАТАР СӨЗ

Мұзатар Әлімбаев бірде Алматы облысының бір ауданына қонаққа барады. Тамақ ішіліп, дастар-хан жиналған соң, жігіттер ақынның көңілін аула-мақ болып, «преферансқа» кіріседі ғой. Іштерінде Шымберген деген мектеп директоры бар екен, сол кісінің қалтасында ақшасы болмай, ұтылып қалған соң, Мұзатарның ұтысын жарым-жартылай ғана төлепті.

— Жарайды, сені қинамай-ақ қояйын... Бірақ бермеген ақшана өлең айтсам қайтеді? — дейді Мұзагаң әзілдер.

— Айтыңыз, айтыңыз? — дейді отырғандар ақынды қаумалап.

Сонда Мұзагаң былай депті:

— *Ау, Шымберген, Шымберген,  
Конақ едік бір келген.  
Екі тиыннан келісіп,  
Бір тиыннан құн берген  
Бұл сұмдықты кім көрген!*

### МҰЗАҒАНЫҢ БАТАСЫ

1956 жылы ақын Қайнекей Жармағамбетов белгілі бір себептермен партиялық сөгіс алып қалады. Арада біраз уақыт өтіп, бірде қалбалактап асығып көшеде келе жатса, алдынан ақын Мұзатар Әлімбаев кездесе кетеді.

— Қайда асығып барасын? — дейді Мұзагаң.

— Ойбай атама... Баяғыдағы сөгісімді алдырайын деп обкомға безектеп бара жатырмын,— дейді Қайнекей.

— Ондай болса — қалтанда ақшаң бар ма, бата берейін? — дейді Мұзагаң.

— Бар! — Қайнекей балаша қуанып кетіп, он сомдықты үсына береді.

Сонда Мұзагаң қолын жайып, көшенің дәл ортасына тізерлеп отыра қалыпты да, сөгіс алған досына былай деп бата беріпти:

— *Бердім саған батамды,  
Кешірсін обком қатаңды.  
Катыныңды жылатып,  
Пәмиләңді шулатып,*

*Көтөре берме көрінен,  
Кәрі аруақ атаңды,  
Әумин!*

## **ҚАБАЙ БОЛСАН ДАБАЙ**

Наурыз мейрамы кезі екен, соған орай Алматының бір алаңында ұлан-асыр той болып, кітап жәрменекесі өтіп жатады. Жәрмеңкеге шакырылған ақын-жазушылар іркес-тіркес үзынынан үзак созылған столдарға қатар-қатар жайғасып, қолтаңба беріп жатады. Ақын Мұзафар Әлімбаев дәнгелек жүзді аққұба бір жігіттің кімнен қолтаңба аларын білмей қысылып, бірде арғы шетке, бірде бергі шетке шығып ағаларына именіп батпай жүргенін байқап қалады.

— Эй, балам, бері кел! — дейді Мұзаган.— Атың кім?

— Қабай.

— Дабай!

Солай дейді де, әлгі жігітке мынадай қолтаңба жазып беріпті:

*«Ұсындым кітап Қабайға,  
Бізді де оқып абыла.  
Көңілімізді бермейміз,  
Өзге түгіл — Абайға».*

## **ӘИЕЛ СЫНАУ**

Бүгінгі есімдері қалың оқырманға кеңінен таңыс қазақ қаламгерлері Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақов, Рамазан Тоқтаров, Әкім Тарази бірінің сырын бірі бозбала кундерінен жақсы білетін жан достар екен. Бірде төртеуі бас қосып, әңгіме шертіп, сыр тарқатып дегендей, бір үйде үзак оты-

рып қалысады. Тұннің бір уағы болып, үйге қайтар мезгілде:

— Осы әйелдерімізді бір сынап көрейікші, күйеулерінің қайда жүргені туралы кім қалай жауап берер екен,— деп келіседі.

Алдымен Қалихан Сайынның үйіне телефон шалып:

— Элгі біздің қандыбалак досымыз үйде ме? — деп білмегенсіп Сайынды сұрайды. Сәкеңнің бәйбішесі Мәрия женгеміз:

— Үйде қазір жоқ... Ол досың үйге қашан келерін бізге айтушы ма еді! — деп ренжіп жауап береді.

Ендігі кезекте Сайын Әкімнің үйіне телефон шалады. Ол үйдегі Әлима женгеміз де:

— Қайдан білейін қайда жүргенін... Рамазанмен баяғы ішіп жүрген шығар бір жерде, үйді ойларап неғылсын,— дейді кейісті үнмен.

Енді Әкім Рамазандікіне звондайды. Ол үйдегі Күлмәшкен женгеміз:

— Эй, Әкім, Рамазанның жарым түнде қайда жүргенін, кіммен не істеп жүргенін досы сен білмей тұрғанда, үйдегі мен қайдан білейін,— деп жауап береді.

Сосын Рамазан Қалиханның үйіне телефон шалады. Сонда ол үйдегі Дәмеш женгеміз:

— Қалихан бағана, сағат тоғызыда келген. Шаршап үйшіктай жатыр. Сен, Рамазан, бүгін оның мазасын алма, тынығып демін алсын,— деп жауап беріп, телефонның құлағын іле салыпты.

Сөйтіп, әйел сынауда Қалекен үтып, достарының алдында мәртебесі бір көтеріліп қалыпты.

### ХАНДАР БІР БӨЛЕК...

Баяғыда, Қарағанды облысында қазақ әдебиетінің күндері өтөтін болып, бір топ қalamгерлер ел

аралап, жер көріп дегендей осы облыста қонақ болып қайтады. Араларында драматург Қалтай Мұхаметжанов, жазушылар Қалихан Ысқақов, Оралхан Бекеев, Қалмұқан Исабаев, ақындар Сабырхан Асанов, Темірхан Медетбеков, тағы басқалар бар екен. Қалмұқан қайда журсе де қуақы тіл, қалжың сөзімен қаламдас достарын күлкіге кенелтіп жүреді екен. Ушінші күні астаналық меймандар екі топқа бөлініп, бірі Егіндібұлақ, енді бірі Тельман ауданына баратын болып келісіледі. Кімді қай жаққа бөлерін білмей, облыс басшылары дағдарып тұрган кезде Қалмұқан Исабаев топ ортаға шағыпты да:

— Қалмұқан, Қалихан, Оралхан, Темірхан, Сабырхан сияқты «хандар» мынау автобусқа отырындар! Ал Қалтай, Балтай, Шалтайлар анау автобусқа барсын! — деп жүртты тағы да ду күлкіге батырыпты.

### СЕРТТІ БҰЗУДЫҢ АМАЛЫ

Жазушы Энуар Әлімжанов біраз жыл бойы Ескерткіштерді қорғау қоғамының бастыры болып қызмет атқарғаны мәлім. Әнекең сол жерде журген кезде жазушы Қалмұқан Исабаевты жұмыска қабылдапты. Бірер күннен соң Энуар:

— Қалеке, бүгін мен саған сен білмейтін ғажайып бір кафені көрсетейін. Қейін сен де бір кафені көрсете жатарсың, — деп әзілдеп, таудағы бір кафеге апарып, сыйласп күтіп жібереді.

Арада бірер жеті өтіп кетеді. Бірде Энуар:

— Қалеке, сенің кафенді көретін кезек те келіп қалды,— дейді.

Кү тілді Қалекен өтірік кипактағансып көзін төмен салып:

— Эй, Әнуар, кімге тәуелді болсам, сол кісіні не үйге, не түзге қонаққа шақырмаспыш деп баяныда бозбала күнімде өзіме өзім серт берген едім. Сол сертімді сен ушін бұза алмаймын! — деп, есікке қарай бұрыла беріпті.

— Қалеке, оның оп-опай жолы бар,— деп Әнуар Қалекенің жолын кес-кестейді.

— Сертті бұзар ешқандай да жол жоқ! — дейді Қалекең де қасарысып.

Сонда Әнуар:

— Мен сені қызметтен шығару жөнінде қазір, табан астында бүйрық жазамын. Сосын екеуміз емін-еркін кафеге барамыз. Отырамыз. Сенің есебіңнен ішеміз, жейміз. Сосын таңертең жұмыска келген соң, сені қызметке қабылдап, қайта бүйрық жазамын. Қелістік пе? — депті.

Қалекең келіспегендеге қайтсін, амалы таусылып, қарқылдап күліп жіберіпті.

### БҰРЫН БӘРІ БАР ЕДІ

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Мұхтар Мағауин жиырма жыл бойы ерінбей-жалақпай материал жинап, екі жыл стол базында тапжылмай отырып, әйгілі «Аласапыран» романының екі томын жазып шығады. Осыншалық қауырт жұмыс үстінде, кейде жаны қиналған кезде қою етіп демдетіп, деміл-деміл шай іше береді еken. Мұқаның үйіндегі женгеміз:

— Шайды неге осынша қою ішесің? Асказаннан не калады? — дейді еken жаны ашып.

Ондайда Мұқан:

— «Аласапыранды» аман-есен бітірсем — асказанның маған керегі болмас,— деп әзілмен құтылатын көрінеді.

Кейін «Аласапыран» да бітеді, ол еңбегі том-  
том болып жарық көріп, Мемлекеттік сыйлыққа да  
иे болады. Бірде Мұқаның досы, жазушы Сұлтан  
Оразалинов:

— Иә, Мұқа, шай мәселесі қазір қалай болып  
жүр? — деп сұраса керек.

Сонда Мұқан:

— Бұрын менде жазу да, шай да, асқазан да  
бар еді. Қазір соның үшеуі де менен қашқақтан  
жүр: жазу жоқ болған соң шайды қайтейін. Шай  
ішпеген соң асқазан да қадірсіз болады екен,— деп  
жауап беріпті.

### ОРЫНБАСАР ОЙЫН БА ЕКЕНІ..

Алпысыншы жылдардың басында «Қазақ әде-  
бietetі» газетінің бас редакторы Жұмағали Ысма-  
ғұловты орнынан алғанда орынбасары ақын Faфу  
Қайырбековті де қызметінен қоса алған екен.

Faфекен ренжіп ашууланғанмен ол жолы унде-  
мейді. Бірақ келесі бір жиналышта өзінің нақақтан  
қызметінен кетірілгенін айта келіп, сөзінің соңын-  
да: — Орынбасар ойын ба екен, бас жұлынса, бірге  
кетер мойын ба екен? — депті.

Faфекенің бұл сөзі кейіннен мәтелге айналып,  
құрбы-құрдастарының арасында айтылып жүріпті.

### ОҚЫС ТОҚТАТУҒА БОЛМАЙДЫ

Композитор Эбілахат Еспаев Қазақ радиосын-  
да бірер жыл қызмет жасағаны болмаса, қалған  
ғұмырында жұмыс істемей таза шығармашылық-  
пен ғана айналысқан адам. Сол Ахат ағамыз (дос-  
тары Эбекенді «Ахат» деп атап кетіпті) радиода  
қызмет істеп жүрген кезінде аздап ішімдікпен әуес-  
тенеді. Дарынды өнер иесінің бұл оғаш мінезі бас-

тықтардың да құлағына шалыныпты. Радио-телефондаттықтің сол үақтағы төрағасы К. Шалабаев бірде композитордың кеңесінен шақырып алды:

— Осы сізге менің бір қолқам болып тұр. Ол менің ғана емес, сізді сыйлайтын, қадір тұтатын халқымыздың қолқасы деп үққайсыз,— депті жұмбақтап.

— Айтыңыз, Кәке, айтыңыз? — дейді Әбілахат.

— Айтсам сол... Сіз әлгі ашы суды қойсаңыз,— деп қолқа сап отырмын. Бүгіннен бастап Еспаев ішті дегенді естімейтін болайын. Қелістік пе, Аха!

Сонда Әбілахат тұнжырап төмен қарапты да:

— Оныңыз жөн ғой, Кәке, өте орынды сөз айттып отырсыз. Бірак заулап келе жатқан экспресс-ті оқыс тоқтатуға болмайды. Оқыс тоқтатса ол рельстен шығып, апатқа ұшырауы мүмкін ғой,— деген екен.

## КОСТЮМНІҢ ҮАҚИҒАСЫ

Бірде Әбілахат Еспаев өзінің өскен жері — Жамбыл облысындағы Мерке ауданына қонаққа барады. Меркеліктер «композитор жерлесіміз келді» деп, Әбілахатты жақсылап күтіп, үстіне су жана фин костюмін кигізіп жібереді.

Алматыға келген соң Әбілахат әлгі жаңа костюмін үстінен тастамаса керек, Әйелі Назым: «Ахат-ая, бүндай костюмді кунде киіп тоздырмай, тоғфа, сыйлы жерге барғанда ғана киіп, сақтасан етті», — дейді. «Жо-жоқ, Назым, бұл маған халқымың берген кімі, сондықтан мен оны кунде кимеуге хақым жоқ», — деп Әбілахат оған көнбейді.

Бірде Әбілахат радиодағы жұмысынан түнделетіп шығып, аздал қызара бөртіп үйіне келе жатқанда бір бұзықтар бұрышта, андып тұрып, жаңа

костюм-шалбарын шешіп алғып кетіпті. Сөйтіп Әбекен үйіне жарым-жартылай жалаңаш, ағараң-дап ішкиімшен кіреді ғой. Кірген бойда, көзі ала-қандай бол, шошып қалған әйеліне:

— Назымжан, абыржыма! Халқым өзі киіндірді, өзі шешіндірді... Онда тұрған ңе бар! — депті де, төсегіне қисайыпты.

### ЕСІНЕ САЛУ

Журналист Сейілғазы Әbdіkәrіmов бірде бір топ ағалары мен достарының басын қосып, мал-сойып үйіне қонақ етеді. Арада екі-үш ай уақыт өткен кезде жазушы Дидахмет Әшімханов сол жолы Сейілғазының үйінде қонақта бірге болған бір ағаймен жолығысып қалады. Амандық-саулықтан соң әлгі ағай:

— Элгі Сейілғазы не істеп жүр? — деп сұрайды.

— Бір жағдайлар болып... қазір жұмыссыз жүріп жатыр,— дейді Дидахмет шынын айтып.

— Бәсе, өзі де сүйкітау жігіт көрінген...— дейді әлгі ағай қуанғандай болып.

Сонда Дидахмет:

— Мүмкін солай да шыгар... Бірақ сол сүйкітау жігіттің үйінен ана жолы қоюлау тамақ ішке-ніңде есінізден шығып кеткен-ау, тегі? — депті де. шырт түкіріп жүріп кетіпті.

### ҰЛЫ БОЛҒЫН ҚЕЛСЕ

Жазушы Әлібек Аскаров жаңа шыққан кітабын қаламдас құрып-достарына жақсыладап тұрып жуады. Отырыс ұзаққа созылып, ертеңіне жұмысқа әрен қеліп отыrsa керек. Қаламдас әріптестері:

— Не болды? — деседі.

— Қеше жуып...— дейді Әлібек.

— Біраз сілтепсіндер ғой?

— Сұрама. Тіпті баса беріппіз. Сөзден сөз шығып, әуелгі бөтелкеден кейін «Құтты болсын қадамың», — деді, екіншісінен кейін «Дарынсың», — деді, үшеуден кейін «Қазак прозасына келіп қосылған дара тұлғасың» деді, төртеуден кейін: «Классик-сің...» деді. Мұндайда қайтып шыдайсың енді...

Сонда Жақау Дәуренбеков тұрып:

— Элібек-ау, классик болам деп оларға ақаңды сонша неге өкіртіп қоя бергенсі? Бізге бар болғаны екі-ақ бөтелке қойғанда ғой, сені бірден великий дейтін едік,— деген екен.

### ДАРЫН МЕН ҚАРЫН

Сыншы Сағат Әшімбаев көшеде келе жатқанда қарсы алдынан Мұқағали ұшыраса кетеді. Сόның алдында Мұқағалидің өлеңдер жинағына сын жазған Сағат қипактап, аман-саулықтан, кейін:

— Аға, менің мақаламды оқыдыңыз ба? — дейді.

Сонда Мұқағали Сағаттың қолын жібермей қысып тұрып:

— Айналайын, Сағатжан, оқыдым. Дарының мен қарының қатар өсіп келе жатқаң жігітсің ғой,— депті.

### ЕРТЕГІНІҢ ЖАЛҒАСЫ... ЕРТЕҢ

Жазушы Жақау Дәуренбеков баласына ертегі айтса, баласы: «Сосын, сосын...» деп қоймайды екен. Содан мұндай «құлдықтан» қалай құтылуың амалын ойлауға мәжбүр болған Жақау, енді кезкелген өртегіге самолет қосып айтатын бопты. Ертегіні аяқтауға айналғанда: «...Содан бір күні

самолет үшүп шығады...» деп, тоқтай қалатын болыпты. Баласы:

— Сосын,— десе, шаршаған Жақау:

— Күте тұр, балам. Самолет әлі үшүп келе жатыр. Қалғанын қонған соң айтамын ғой,— дейді екен.

## ЖҰМАТАЙДЫҢ ӨТІНІШІ

Ақын Жұматай Жақыпбаев досы Әбен Дәуренбековтің үйіне келеді. Келсе арақ бола қоймайды. Төзімі таусылған Жұматай досына қарап:

— Келетін ағайын бар алыста.

Мықты болсаң үйінде арақ ұста,— деп алышты да, жанындағы баласына бұрылып:

— Мамаңа жұз грамнан құйышы деші.

Жұматай Жақыпбаев таварышқа,— деген екен.

## НАГРАДА

«Лениншіл жаста» істеп жүрген қезінде жазушы Оралхан Бекеев бір күні жұмысқа келе жатып киоскіден орден секілді жылтырақ значоктар сатып алады. Жұмысқа келген соң секретариатта таңертеңгі макетті сыйзылап жатқан Алашыбай Есмағамбетовке «Мә, саған сыйладым»,— деп әлгінің біреуін бере салады. Алашыбай оны костюмінің өніріне тағып, макетін сыйзып отырғанда әріптесі Төлен Қаупынбаев кіреді. Алашыбайдың өніріне көзі түсіп кеткен Төлен:

— Оу, мынауың не? — деп сұрайды.

Алашыбай Оралханға қарайды. Оралхан көзін қысады. Оны түсіне қойған Алашыбай:

— Орден ғой, Төке,— дейді.

— Орден дейсің бе, ей? Қашан алдың? Не үшін

алдын? — деп Төкен де ентелең түседі. Алашыбай да мұдірмейді.

— Эскерде жүргенімде қалып орман ішінде өрт болып, екі күн бойы сонымен арпалыскан едік. Сол еңбегімізді бағалап командование орденге үсынған болатын. Алуға ұлгерменегенбіз. Артымыздан жолдапты, кеше военкомат шакырып соны табыс етіп еді...

— Оу, мынауың жаңалық қой! Коллектив не-  
ге білмейді? Бұндайды жасыруға болмайды,— деп  
Төкен шұғыл шешімге келгендей түрменен шыға  
жөнеліпті. Әңгіменің аужайын байқап тұрған  
Оралхан бұрынырақ барып газет редакторы Сей-  
дахмет Бердіқұловқа айтып, үндемеуге көндіріп  
кояды.

Сәкен ізінше аптығып жеткен кәсіподак коми-  
тетінің тәрағасы Төкенді мұқият тыңдалап, ұсыны-  
сын құптағандай емеуірін білдіреді. Содан қойшы  
бір істі бастаса жеріне жеткізбей тынбайтын Төкен  
тез шешім жасатып, ақша бөлдіріп, жігіттерді ғул  
мен қышқылтымға жүгіртіп, хат бөлімінің бөлме-  
сінде шағын жиынды ашып кеп жібереді гой  
баяғы.

— Жолдастар, енді келіп жатқан мына Ала-  
шыбай деген жігітіміздің қуанышы бар екен. Қуа-  
ныш болғанда да үлкен қуаныш. Ерлік жасапты.  
Өкімет пен партия сол ерлігі үшін орденмен на-  
градтапты...

— Қандай ерлік екен?

— Алашыбай, қандай ерлік дейді. Өзің айтшы,  
кәні, тыңдайық,— деп Төкен сөзді Алашыбайға бе-  
реді.

Алашыбай да өтірікті шындағып баянdap бе-  
ріп, сөзін «менің орнында кез-келген совет адамы  
осылай жасаған болар еді»,— деп аяқтайды.

Осы кезде Оралхан атып тұрыпты да қалтасынан тағы бір значокты суырып алып:

— Маладес, Төке,— деп. Төкеңнің өніріне таға салыпты.

Жұрт ду күлкіге батады. Қатты сасқалақтаپ, мән-жайды енді түсінген Төлең де ойланбастан:

— Рахмет, рахмет! Алашыбай «ормандарғы өрті сөндіргені үшін» алса, бұл маған сендердің «іштеріндегі өртті» сөндіргенім үшін берген наградаларын деп білем,— деген екен.

### ТАЙ САТҚАН...

Бір жылы ақын Сәлімғазы Әбеев Алакөлдегі қайын жұртына қыдырып барғанда олар күйеу баласына тай сыйлапты. Соны қараша айында Алматының тубіндегі Әлмерек бидің қыстауының жаңындағы Гагарин поселкасына алып келеді. Ала жаздай аралда құр жүрген тай қолға үйренбей, салған шөпті жемей он бес күндей байлаулы тұрады, Қысқа жіпті курмеуге келтірем деген Сәлімғазы марқұм «Жалын» баспасында істейін ақын жазушылар Қастек Баянбаев, Ермек Өтетілеуов, Ескен Елубаевқа тайын сатады. Үшеуі кешке жақын жазушы Фалым Оралбаевтың үйіне барып, тайды шабынан тұртіп көріп, «Ой, семіз екен!»— десіп, Қазыбай ақсақалға бауыздатып, қуырдағын жеп, етін арқалап Алматыға қайтады. Ағаларымыздың үйіндегі женешелеріміздің бірі ет арық деп ренжісе керек, ертеңінде жұмысқа келген соң үшеуі ақылдастып тайды сөз етіп отырғанда, көзілдірігін көзіне баса киген Сәлімғазы кіріп келіпті. Ағаларының біреуі сәлемін алмастан:

— Алдан арық тай сатқан,  
Аулақ мына наисантан,—

дейді.

Сонда Сәлімғазы бөгелместен:

— Көрмей-білмей алдың ба,  
Бұл шатқаның қай шатқан? —

деген екен. Отырғандар үндей алмай қалыпты.

## ЖЕҢІЛГЕНІН МОЙЫНДАУ

Кешегі Сталиннің заманында үш рет түрмеге қамалған халық ақыны Шәкір Әбенов өзінің бір әңгімесінде: «Мен отыз мың жол өлеңді жатқа білемін. Сондықтан қарсыласымның жеңуі қындау. Қысылсам сол отыз мыңың біреуі болмаса біреуі еске түсіп, соның ізіне салып жіберемін. Бірақ жас кезімде бір қыздан оңбай жеңілдім», — деп бір әңгіме айтып беріп еді.

— Ел кезіп, сөз, ойын-сауық қайдасың деп тулен түртіп журген кезім. Аяқөздің бойында, Қек-сала жағында Ұлбаба төренің Тұrap деген қызы айтыстан ешкімге дес бермей жүр дегенді естіп, сол арадан ұстармын-ау деп дәмеленіп-ақ бардым. Төренің қызына Иманбай деген жігіт ғашық болып, көніл қосып жүрсе керек. Соны сезіп қойған төрелер әлгі жігітке 20 тоқты айып салып, жүрісіне тиым салған екен. Бір тойда айтысудың реті келе қалды. Салған жерден:

Улken тау, Тарбағатай көделі бет,  
Малға жайлы болса да, дүшпанға шет.  
Жас басыңнан қағынып ойнас қылып,  
Иманбайды шапқыздың сен қара бет,—

дедім. Сонда қыз да қысылмастан өзіме қайыра жауап беріп:

Улken тау, Тарбағатай көделі бет,  
Малға жайлы болғанмен дүшпанға шет.

*Бір түнгісі 20 ғана тұсақ болған,  
Сендей ақын бұтымнан садаға кет,—  
дегенде үнім шықпай қалды...*

### **ҚАПТАП, ҚАТТАП...**

Бірде ақын Жарасқан Әбдірашев пен баспа редакторы Ақкөл Отарбаев нарықтың қынышылығы, дүкендердің қаңырап бос тұргандығы төнірегінде әңгімелесіп отырады.

— Өзі... түк шығармаймыз ба, бәрі қайда кетіп жатыр осы? — деп сұрайды Ақкөл.

Сонда Жарасқан:

— Түк шығармағаның не, қаптап, қаттап қаулы шығарып жатыр емеспіз бе,— деген екен.

### **АМЕРИКАНЫ ҚУЫП ЖЕТТИК**

Бірде түскі үзіліс кезінде бір топ жігіттер Қенес Одағы экономикасының құлдырауы, елдегі саяси ахуал төнірегінде әңгімелесіп отырады.

— Американы әне қуып жетеміз, міне қуып жетеміз деуші едік, оның бәрі алдау болып шықты, мұлдем далада қалдық қой,— дейді жігіттердің бірі налып.

Жазушы Жақау Дәуренбеков тұрып:

— Неге қуып жетпедік, біраз нәрседен қуып жеттік, тіпті осы қарқыннымызбен басып озатын да түріміз бар,— дейді.

— Қой, Жақа, қалай қуып жетеміз. Мына түрімізбен Америка бізге қарасын да көрсетпес,— деп жаңағы жігіт сенінкіремейді.

Сонда Жақау:

— Жұмыссыздық, мафия, нашақорлық жағынан жақындал қалдық, ал баспанасыздық пен мас-күнемдіктен әй, бүкіл дүние жүзінде бізге жете қоярлық ел жок-ау,— деген екен.

## **БОЛСАМ БОЛАРМЫН**

Бірде араларында Шерхан Мұртаза, Рамазан Токтаров бар бір топ ақын-жазушылар «Қаламгер» кафесінде отырғанда Шерагаң сөз арасында Рамазанға:

— Шашың өсіп Мауглиге үқсан кетіпсің,— дейді.

Сонда Рамазан:

— Болсам болармын, Мауглидің қасында Шерхан жүреді ғой,— деген екен.

## **ДӘЛ ЕСЕПТЕСУ ҮШІН**

Жетпісінші жылдары бірде бағдаршамға қарамай көшени төтесінен кесіп өте шықкан жазушы-драматург Асқар Сұлсіменовке жол шетінде тұрған милиционер көше тәртібін бұзғаны үшін бір сом айып салады. Асекен үш сом берсе, «Артығын кайтаратын екі сом уағым жок» деп алмайды. Үш сомды басы бүтін ала ғой десе, оған да көнбейді. Қалайды бір сом тауып беруін талап етеді. Сонда Асекен ығы-жығы машиналар ағылған көшени арлы-берлі тағы да екі рет қызып өтіп өзінін мұнысына таңырқап қарап тұрған милиционерге:

— Үш сомды ал, енді расчеттыз,— деген екен.

## **БҰЙЫРМАҒАН БӨТЕЛКЕ**

Бірде ертеннің суретші Балтабай Табылдиевтің шеберханасына тұнімен ішіп бастары ауырың-қыраған үш суретші досы келіп, қалталарының түбін қағып әзер алған жалғыз шөлмекті столдың үстіне қойыпты. Сөйттес Балтекенің де басы ауырып, аузы күрғап бос шөлмекке суық су толтырып, соны дамыл-дамыл ішіп отыр екен. Ақаңды көрген





Балтекен бірден көңілденіп, тіске басарды әзірлеп, стакандарды жуып дегендей тезірек бас жазудын қамына кірісіп кетеді. Сол екі арада келген жігіттердің бірі шыдамсызданып шөлмектің аузын ашып қояды. Ал столдың үстін жинастырып жүрген Балтекен болса оны су құйылған бөтелке екен деп ішіндегісін қолжуғышқа лақылдатып төгіп, ішін шайып сұық су толтырып әкеледі.

Содан алқақотан отыра қалған жігіттер шөлмектегіні стакандарға қылдай бөліп құйып тартып жібереді ғой. Артынша түк түсінбеген кейіпте бірбіріне қарасады. Стакандағы арақ емес су. Екінші бөтелкедегі де су болып шығады.

Құйқалары құрысып тұрғанда алдарындағы ақаң бүйірмай нәумез қалған жігіттер танырқасып:

— Өй, Балтеке, мынаның бәрі су ғой деседі.

Сонда ғана мәселенің байыбын түсінген Балтекен:

— Е-е, бәсе, жаңа қолжуғышқа төгіп жатқанда осынша арактың иісі қайдан шығып тұр деп ойлап едім,— деген екен.

### МЕНИҢ ӘКЕМ ТІРІ

Жазушы Сапарғали Бегалиннің әкесі қайтыс болғанда, Сапекеннің өзі де жасы келіп қалған адам еді. Әкесін соңғы сапарға шығарып салып жатқанда өзі бастаған бала-шағалары, келін-кепшіктері жылап коштасады. Жерлеу рәсіміне қатысқандардың бірі Сапекеннің үлкен ұлы, қазактың белгілі кинорежиссері Мәжит Бегалиннен:

— Сен неге жыламайсың? — деп сұрайды.

Сонда Мәжит тұрып:

— Жыласа, әкесі өлген кісі жыласын, менің әкем әлі тірі ғой,— деп жауап беріпті.

Журналист, аудармашы Әміржан Қалиев жолдаш-жора бас қосқан бір отырыста:

— Егер үйдің алдына жол төсей бастаса, онда ұзамай сол жолды қайта бұзып үйге тартылған жылу жүйесін немесе су құбырын жөндей бастайды дей беріңіз, ал азық-тұлік дүкенін қызыл жағалылар немесе тексерушілер төніректеп жүрсе, онда еш ойланбастан кезекке тұра бер, кешікпей қоймаға жасырғандарын сөреге шығарады,— дейді.

Отырғандар:

- Оны қайдан білесің? — десе.
- Әмір мектебі үйреткен,— деген екен.

### ПӘШТИ ҚАЛДАЯҚОВПЫН

Ауылдан келген бір топ абитуриент кафеге кірсе оңашалау жерде ақын Зейнолла Тілеужанов пен атақты композитор Шәмші Қалдаяқов сыра ішіп отырады. Композитордың жүзін сырттай танитын әлгі абитуриенттердің бірі:

— Жігіттер, әне, Шәмші Қалдаяқов отыр,— дейді. Ол кезде Шәкенің әндері ауыздан түспей, атағы дүрілдеп, шығып тұрған кезі. Әсіресе жастар үшін Шәкен деген аспандағы жарық жұлдыздай, жақыннан бір көрудің өзі ғанибет. Жігіттер композитор отырған столды қаумалап, жапатармағай қолын алып ізетпен сәлем беріседі. Құдай ондаң тірі Қалдаяқовты көргеніне әлі де сене алмай тұрған жігіттердің анғалдау біреуі:

— Аға, сіз шынымен Қалдаяқовсыз ба?! — деп сұрайды.

Сонда сыраға бөгіңкіреп шаршап отырған әрі



соңғы кезде өзіне өзінің көңілі толықырамай жүр-  
ген Шәкен басын шұлғып:

— Иә, қарагым, пәшти Қалдаяқовпыш,— деген  
екен.

## ЖАН ҚЫСЫЛҒАНДА

Бір күні жазушы Қалмұқан Исабаев Жазушылар  
одағы үйіндегі «Қадамгер» кафесінде отырса, Төлен  
Әбдіков, Сейдахмет Бердіқұлов бастаған үш-төрт  
жігіт қасына келіп ағаларын қалжынмен қағыта  
бастайды. Баянауылдан кыз алған бұл жігіттер Қа-  
лекенді «қайнага» тұтып осылай жолыққан жерде  
женіл әзілдесіп жүреді екен. Бұл жолы бәрінің бас-  
тары қосыла қалғанын көрген Қалекен:

— Па, шіркін, біздің Баянауылдың қыздары-ай!  
Қолдарына түскен можантопай жігіттерді қайтсе  
жазушы ғып шығарады, ризамын қарындастары-  
ма! — дейді шалқып.

Бұл сөзге намыстыныңқырап қалған аналар түс-  
тұстан қаумалап, қаужап бірін-бірі іліп әкетіп Қа-  
лекенді қалжың сөзben түйреп тықсыра бастайды.  
Сөзге ұста жігіттер ортаға алған соң қойсын ба,  
жаны қысылған Қалекен:

— Әй-әй, жігіттер, шындалп барасындар ғой,  
қойындар, мен ең бірінші сендерді емес, мына өзім-  
ді айтып тұрмын. Біздің үйдегі женгелерің де Баян-  
ауылдың кызы,— деп қақпакылдан әзер құтылған  
екен.

## БАЯНДАМАНЫҢ ӘСЕРІ

Казакстан Жазушылар одағында әдеби жыл қо-  
рытындысына арналғақ жиналас өтіп жатады.  
Ақын Faғы Қайырбеков қазақ поэзиясы туралы  
баяндама жасайды. Іле жарыссөз басталады. Бірак

сөйлеушілер баяндаманы да, бір жылғы қазақ поэзиясын да жайына қалдырып, басқа мәселелерді сөз етіп кетеді. Faфекен қайтадан сөз алады да, әңгіменің бетін поэзияға бұрып, сөзінің соңында:

— Қыскасы, менің өз баяндамамнан алған эсерім осында,— деген екен.

### СТАВКАСЫН ЕСКЕРІП...

Шәкен Айманов барын беріп қарап отыратын мейлінше жомарт жан болыпты. Онысын білетін әнерпаз інілері де оны жіңі төңіректеп жүретін көрінеді. Шәкен болса олардың емеуіріндерін айтқызыбай үғып, «қызыл құлакты» ұстата салады екен.

Бір күні шахмат ойнап отырса, қасына Суат Әбусейітов келіп, қылқылдан тұрып алады. Шәкен бір «қызыл құлак» береді де: «Бар енді»,— дейді. Бірақ анау кетпейді. Сонда Шәкен рақаттана күліп:

— Э, қу бала, сен енді енбек сіңірген артист екенсің ғой, ставкаң өскен екен ғой! — деп, он сомың орнына жиырма бес сом ұсыныпты.

### ҰТЫМДЫ УӘЖ

Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеті редакторының бірінші орынбасары қайтыс болып, жерлеу комиссиясы ұйымдастырылады да, оған облыстың халықтық бакылау комитетінің тәрағасы басшылық етеді.

Комиссия тәрағасы адамның ойында жоқ сұмдықты шығарып, марқұмды орыс зиратына жерлейік деп мәселе көтереді. Мәжіліске қатысып отырған жігіттер редакторға қарайды, редактор жерге қарайды.



— Оны марқұмның туыстарымен ақылдасу кепек шыгар,— дейді редактордың екінші орныбасары Айтжан Бәделханов.

— Ақылдасқанда осы үйғарымды оларға түсінірізу керек! — дейді төрага зіл тастап.— Курор жолдас (облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы) құптап отыр. Несі бар, өмір бойы орыстармен бірге қызмет істеп келіп, енді бөлектеңе мә?! Айтекен де айылның жимай:

— Өмір бойы қазақ ауылдарын билеп келген орыстар бар, солардың қайсысы қазақ зиратында жатыр?! — деп, қарсы сұрап қояды.

Уәждан женілген төрага үндей алмай қалыпты.

## ЖАЗУШЫ ЖЕТИСПЕЙ ТҮР

Сол Айтекен бір тәп жігіттермен бірге қызметтес жолдасы Мұқамеджан Дәүрөнбековтың үйіне қонаққа барады. Мұқаң дастарқан жасалғанша қонақтарын жұмыс кабинетіне жайғастырады. Бәрі кабинетті тамашалайды. Сонда Айтекен:

— Кабинет тамаша: кітапханасы бар, жазу үстелі бар, жазу машинкасы бар, енді тек жазушысы жетіспей түр,— деген екен.

## МҰҚАҒАЛИДЫҢ СУРЕТТЕУІ

Ақын Мұқағали Макатаев бір отырыста өзінің қаламдас достары — Әнуарбек Дүйсенбиев, Қадыр Мырзалиев, Шәміл Мұхамеджановтың түртүлғасын астарлы тенеулермен суреттеп:

— Шіркін-ай! Әнекенді жаратып мініп, Қадырды қолға қондырып, Шәмілді ертіп аңға шыгар ма едім! — деп, әзіл арман айтқан екен.

## ЛАУРЕАТ

Ақын Жұматай Қақыпбаев «Жалын» баспасының поэзия редакциясына келеді. Шикілі-пісілі колжазбаларды оқып, қарадай қажып отырған редактор Есенбай Дүйсенбаев:

— Жұматай, бір жаксы өлең оқышы, ақысын тәлелейін,— дейді.

Жүкен жаңа өлеңдерінің бірін оқып береді. Есаған риза. Жігіттер: «Енді уәденді орында»,— деп колқалаған соң, жиырма бес сом береді.

Жүкен ақшаны алып жатып:

— Ал, жігіттер, мен енді Есенбай Дүйсенбаев сыйлығының лауреатымын! — деген екен.

## ТАНЫСУ

Мәскеудегі жазушылар бас қосқан үлкен бір жында Юрий Рытхәу Қалмұқан Исабаевпен амандастып тұрып, аты-жөнін сұрайды.

— Қалмұқан Исабаев,— дейді Қалекен.

Бірінші рет естіп тұрмын,— дейді Ю. Рытхәу. Сосын өзінің аты-жөнін атайды.

— Мұлде естімеппін...— депті Қалекен.

## ТӨРЕЖАН МЕН ДОҚТЫР

Сатирик Төрежан Мәндібаев карта ойнап отырғанда бір дәрігер жігітпен тілге келіп, керілдесіп қалады. Төрежан өзеурап дәрігерді тоқтатпак болып:

— Доқтыр, доқтыр!

Аузында боқ тұр! — дейді.

Дәрігер жігіт сасып қалады, жұрт қыран-топан болоп күліседі. Бір аптадан соң Төрежан аяқ астынан

тъмауратып аурұханаға түседі. Апта жатып айыра-  
ды. Бірәк өткен жолы «өші» кеткен дәрігер жігіт:

— Шығармаймын, жатасың әлі,— дейді.

— Ол ненің ақысы? Шығар, жазылды! — дей-  
ді Төрежан.

— Шығам десен кешірім сұра. Сосын анадағы  
сөзінді қайтып ал,— дейді дәрігер жігіт қасарысын.

Болмаған соң Төрежан жарайды деп келіседі.  
Бір бөлмеде жататын он адам екен, соларды күә  
етіп:

— Ал, ендеше тыңда, доктыр, кешір,— депті,  
сонан соң,— доктыр, доктыр! Аузында боқ тұрған  
жоқ! — депті айқайлап.

Айтқаныма көндіріп, айдауыма жүргіздім деген-  
дей дәрігер жігіт:

— Э, бәлем, ақыры кешірім сұрраттым ба? — деп  
мәз болып жайына кетіпти.

Сонда Төрежан жанындағыларға қарап:

— Мынау қызық екен ғой? Бұл жолғым анада-  
ғыдан да жаман болған жоқ па? Мынау соны да  
сезбеді-ау?! — депті.

## АЛАШЫБАЙ МЕН ЖАС ЖІГІТ

«Лениншіл жастың» секретариатында істейтін  
фототілші Алашыбай Есмағамбетовке суретке түсі-  
румен әуестеніп жүрген бір жас жігіт дүниелерін  
әкеліп тұрады екен. Алашыбай да фото өнеріне  
ықыласы ауған жас жігіттің талабына оң қабағы-  
мен қарап, білгенінше ақыл-кеңесін айтып баға-  
ды. Жас жігіт ағасының акпейіл көnlін көріп, риза  
болып: «Алашыбай ағалап» жүреді. Секретариаттың  
жігіттерімен жақынырақ танысып, аралас-құралас  
болады. Бір-екі суреті жарияланып та үлгереді.  
Сол-ақ екен, жас жігіт «Алашыбай ағасын» «Әле-

ке» дейтін болады. Көптең-көмектесудің арқасында суреттері жиі-жиі шыға бастайды. Енді өзін сенімдірек сезініп, еркінсі бастаған жігіт «Әлекені» койып, «Алашыбайға» көшеді. Ол да аздай, біраздан соң «байды» да қыскартып, «Алаш» дейтін болыпты.

Бір күні Алашыбай кетіп бара жатса, біреу ту сыртынан: «Әй!» — деп айғайлайды. Тоқтап жалт қараса, әлгі шәкірті екен.

Сонда Алашыбай:

— Пай, шырағым-ай, енді осы «Әй!» деген екі әріпті қөпсіне көрмеші, шегінер жерің калмады рой,— депті.

## БАС ПЕН БАҚАЙ

Бірде композитор Еркеғали Рахмадиевтің саяжайында қос Габен (Фабиден Мұстафин мен Габит Мұсірепов) бір топ замандастарымен қосылып преверанс сыйады. Ойын кезінде жұмсақ башмақ киғен Габен Фабиденнің аяғын басып отырыпты. Бір кезде қолы жүре қоймай, әрі мизерден екі алып қалған Габиден аға горкаға құлаганын жаза салысымен шақшасын іздеген адамша жан-жағына қаралыпты да, кенет:

— Түү, Габит-ай... Бәсе қолым неге жүрмейді, мизерден неге құладым лесем сен екенсің гой, аяғымды үйытып отырған! — депті.

Сонда Габен:

— Сенде айтпайтынды айтасың-ау... Картаны бақаймен емес, баспен ойнар болар. Бір алып тыныш отыратын жерден екі алғызған да сенің сол бақай кулық, бақай есебің рой,— депті ақырын гана мырс етіп күліп.

## ҰТЫМДЫ СӨЗ

Осыдан біраз жыл бұрын түркі жұрттының бір бұтағы бауырлас якут-саха әдебиетінің Алматыда күндері өтіпті. Соған орай Қазақстан Жазушылар одағы алыстан келген меймандардың күрметіне «Қаламгер» кафесінде дастарқан жайып, аста-төк банкет жасайды. Дастарқан үстінде арак-шарапқа қызыңқырап қалған меймандардың біреуі.

— Біз сіздермен ежелден тегіміз бір, қанымыз бір туыспыз. Ертеректе біз де осынау ұлан ғайыр ұлы далада ғұмыр кешкеміз. Әліде бауырласып, койындасып жүре берер ме едік, бірақ сендер, қазактар біздерді осы кен далаға сиғызбай сұық жаққа қуып тастағансыңдар,— деп таусылып өкпесін айтыпты.

Бұл сөзге якуттер де, казактар да ынғайсызда-нып, дуылдаған дастарқан басында сәлғана көніл-сіз үнсіздік орнай қалады.

Сонда сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы, драматург Қалтай Мұхаметжанов:

— Ағайынның арасында не болмайды. Бәрі де бола береді ғой. Бірақ куды екен деп соншама алыска қаша ма екен,— депті.

Қалекенің ұтымды сөзінен кейін жүрттың бәрі жадырап, қайта арнасына түскен көнілді отырыс жалғаса беріпті.

## САСПАЙТЫН СӘБЕҢ

Сәбит Мұқанов бір тойда асаба болып отырып, байқамай сыншы-ғалым Мұхаметжан Каратаевқа екінші рет сөз беріпті.

Мұхаметжан ағамызы:

— Сәбе-ау, мен жаңа ғана сөйледім ғой,— дейді таңырқап.

Сонда Сәбең түк саспастан:

— Білемін. «Енді не айтар екен», деп отырмын,— деген екен.

## ЖУЫЛЫП КЕТИПТІ

Белгілі композитор Латиф Хамидидің бір суретші досы портретін салып беріпті. Оны көрген жолдас-жоралары:

— Ойбай, Латеке, суретіңізді өзіңізден айнитпай, қатырып тұрып салған екен, мұны енді жумайсыз ба? — деседі қаумалап.

Суретіне өзі де риза болып отырған ежелден қолы ашық Латекен сөзге келмestен:

— Жусам жуайын,— дейді.

Күн жауын-шашынды болса керек, жүрттың бәрін риза қылып, қолпаشتаумен өзі де біраз жерге барып қалған Латекен үстібасы малмандай болып түн ортасына таман үйіне жетеді ғой.

Ішімдік атаулыға әуелден жоқ отағасының мұндан қылығын бұрын көрмеген бәйбішесі:

— Ойбүй, эти-ау, мынауың не, су-су болып осы уақытқа дейін қайда жүрдің,— депті таңырқап.

— Элгі бәленше қатырып суретімді салып берді. Соны жолдастарға жуып...— дейді Латекен.

— Қәне, ол суретің, көрсетші,— дейді бәйбішесі.

Композитор қолтығына қыстырған суреттің орауын жазып қараса суға езіліп бояуының бәрі баттасып ағып кетіпті.

Сонда Латекен:

— Ей, жуып жүргенде бұл да жуылып кетіпті ғой,— деген екен.

## ТУРА ЖАУАП

Бірде Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы С. Н. Имашев сол кездегі «Жаңа фильм» журналының бас редакторы, драматург Қалтай Мұхаметжановтан:

— Қалеке, осы жүрттән сіз қызмет көлігінізді мініп, сыраханаға барады деп естімін, сол сөз рас па? — деп сұрайды.

Сонда Қалекен:

— Саттар Нұрмашевич, сіз «Волганы» маған мініп жүрсін деп бердіңіз фой. Оны мініп бармағанда итеріп барамын ба? — депті.

## ҚОРЫҚҚАН ЖОҚПЫН

«Лениншіл жас» газетінде қызмет істеп жүрген кезінде бірде жұмысқа бастан аяқ қундегісінен басқа киім киіп келген ақын Өтежан Нұрғалиев:

— Кеше түнделетіп кезекшіліктен қайтып келе жатқанда бұрыш айнала беріп едім біреулер үстай алып пышакты тамағыма тіреп тұрып, барлық киімімді шешіп алды,— дейді жігіттерге мұнын шағып.

— Қазір бұзақы көл, байқап жүрмесе болмайды.

— Қайта өзің аман қалғанына шүкір де...

— Бас аман болса киім табылар.

— Қиімі құрысын, бастан құлақ садақа де,— десіп отырғандар Өтекеннің өзінің амандығына тәуба етісіп жатады.

Жігіттердің бірі:

— Өтеке, қатты қорыққан шығарсың? — деп сұрайды.

Сонда Өтекен:

— Жоқ, қорыққан жоқлын. Адам просто қатты нервничіт етеді екен,— депті.

## СӘБЕҢ МЕН ҒАФУР

Өзбек әдебиетінің алыбы Ғафур Ғұлам Сәбит Мұқановтың сөз тапқыштығын сынау үшін кейде ол кісіге тосыннан қисынсыз сұрақ қояды екен. Бірде екеуі әңгімелесіп келе жатқанда сол әдеті бойынша Ғафур әзілі жарасқан досынан:

— Сәбе, осы Аралдың суы қанша шелек болады? — деп сұрапты.

Сонда Сәбен асықпай сөйлейтін әдетімен даусын созып:

— Аралдың тура өзіндегі үлкен шелек болса, бір-ақ шелек болады,— деген екен.

## ҚАРЫМТА МАҚАЛ

Бірде баспалар үйінің астындағы асханада іштерінде «Қайнар» баспасының редакторы Ақкөл Отарбаев бар үш-төрт жігіт әңгімелесіп, әзілдесіп түскі ас ішіп отырады.

— «Жаманнан жарты аяқ ас қалады» деуші еді, жамандығынды көрсетпегін,— дейді жігіттердің біреуі алдындағы тамақты тауысып ішпеген Ақкөлге қалжындал.

Сонда Ақкөл:

— «Жаманның көзі жақсыдан қалған жарты аяқ асқа түседі» деуші еді, қалғанын сен-ақ іше қойғын,— деген екен.

## СӨЗДІҢ ШЫНЫ — АҚШАНЫҢ ҚҰНЫ

Нарықтық жағдайларға, кітап бастыру мен қазандың қымбаттауына байланысты ауыртпашилық «Жазушы» баспасын да шарпып өтеді. Баспа қарашаттың жоқтығынан біраз адамды қысқартып, енди бірталай қызметкерін үш айға ақысыз демалыс-





қа жіберуге мәжбүр болады. Осындай қызын қыстау күндердің бірінде баспаның суретшісі Бейсен Се-рікбаев директоры, жазушы Қалдарбек Найманбаевқа кіріп көркемдеген кітаптарына бірнеше айбойы қаламақы алмағанын, ақшадан тарығып жургенін айтады.

— Жағдайды көріп жүрсің ғой, біраз шыдай түр. Кейін жұз мың сом қылышпіп бір-ақ қайырып беремін,— дейді Қалекең алдына жағдайын айтып келген жас жігітті жұбатып.

Сонда Бейсен:

— Қалеке-ау, күн саңап ақшаның құны жойылып бара жатыр. Кейін сіздің сол жұз мың сомыңыздың құны жұз-ақ сом болып қалса қайтемін,— деген екен шын қаупін айтып.

### АРҒЫ АТАСЫ — АРАБ ҚОЙ...

Драматург Қалтай Мұхаметжанов бірде араб елдерінен келген бір топ жазушыларға Алматыны аралатады. Қаланы тамашалап шаршаған діндар арабтар «енді мешітке барсақ» деген тілек айтады. Қонақтың, оның үстіне шет жүрттық қонақтың меселін қайтаруға болмайды. Қалекең астанадағы мандайға басқан жалғыз мешіттің көрер көзге қораштығынан қысылса да, амалсыз апаруға мәжбүр болады.

Құдай үйінің көркінे қоңілдері тола қоймаған арабтар сыртқа шыға бере:

— Осы мешіт тұрган көшениң аты қандай? — деп сұрайды.

— Пушкин көшесі,— дейді Қалекең.

— Жалғыз мешіттерінізді кәпірдің атындағы көшеге салғандарының қалай? — деседі мұны ерсі көрген арабтар дипломатиялық биязылықты қоя тұрып.

Сонда Қалекең жұлдып алғандай:

— Пушкиннің арғы атасы араб қой, соны мегзеп мешіт түрған көшеге әдейі Пушкин атын бергенбіз,— деген екен.

## ЖАРАСЫМ

Әйгілі актер Қалибек Қуанышбаев сырқаттанып ауруханаға түседі. Мұхтар Әуезов болса, біразға дейін көнілін сұрауға келмесе керек. Мұны Қалибек Қуанышбаев көніліне қатты алады. Содан Қалибектің сырқаты қайтып, ауруханадан енді шығамын деп жүргенде Мұхаң келіпті. Қалжай сұрасады.

— Е, о дүниеге барып қайттық қой,— депті Қалибек салқын шыраймен. Мұхаң болса бұл сөзге қатты мән беріп:

— Койши, Қаллекей, шынымен-ақ науқасың ауыр болған екен-ау, аптарай, ә! — деп абыржып қалады. Сонда Қалибек:

— Ойбай-ау, Мұха-ау, айтып отыргамын жоқ па, о дүниеге барып қайттым деп. Рас, о дүние дейтінін көрдім, кешегі Құләш, Манаrbектер менен бұрын жеткен екен. Аузынан жалын шашқан мұңқірнәңкір мені кеудеге қағып, әрі қарай жібермей-ақ қойғаны. «Артист пен әнші көбейіп кетті, бізге керегі жазушы!» деп шаңқ-шұңқ етеді. Е, ондай өнерім жоқ еді деп қайтып келдім! — депті.

Алғашқыда кәдуілгідей ұйып тыңдал отырган Мұхаң сөздің соңында балаша қызарып, Қалибекті бетінен сүйіпті.

— Кінә менен, Қаллекей, тіршілік мойын бүрғызбай, көнілді сұрай келмеген айып мойнымда! — деп кешірім сұрапты.

## ҒАБЕҢНІҢ ЖАУАБЫ

Сонау ертеректе Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мұсірепов Басарық көшесінде (қазіргі Абай даңғылы) қарама-қарсы көрші тұрыпты. Қошениң шетімен сұзылдырап арық ағып жатады екен. Бір күні кешке таман екеуі де үйден шыға қалса арықтағы суды лайлап бір торай жатқан көрінеді.

Есіне Ғабенің «Талпақ танауы» түсеге кеткен Сәбен әзілдеп:

*Өзі семіз мал екен,  
Еті «тәтті бал» екен,  
Мұны таңдаған Ғабиттің  
Шын ырысы бағ екен,—*

депті қагытып. Сонда Ғабен де жұлдып алғандай:

*Е, несі бар,  
Ешкі тапса егізден,  
Шошқа табар сегізден,  
Қашатұғын қазақ па,  
Семіз бенен сегізден,—*

деп әзілге әзілмен жауап қайтарыпты.

## ДОСҚА ХАТ

Халқымыздың тамаша ақындарының бірі Әбді-кәрім Ахметов ұзак жыл әскер қатарында офицер болған, кейін Алматыдағы жоғары партия мектебінде оқыған кісі. Әбекенің үлкен бастық болуғада негізі бар екен, бірақ өзіне әйел тұрақтамай, жиі-жіңі ажыраса берген соң бастықтық қызметтесін жолы онғарылмапты. Әйел үшін сөгіс те алады, ұрыс та естиді, партиядан да шығарылады. Әбекенің сенделіп жүрген сондай бір кезінде ақын Сыrbай

Мәуленов досына арнап мынадай өлең жазыпты да, хатпен үйіне салып жіберіпті:

«Тәңірім сені жаратты Ақын етін,  
Аңқылдақ Әбдікәрім Ахметов!  
Тастаған әйелдерің жиналыш ап,  
Жұрмесе жарар еді зақым етіп...»

## ХАБАРЛАЙЫН ДЕП ЕДІМ

Аудармашы, сыншы, фалым Ісләм Жарылғапов пен композитор Әбілахат Еспаев бірде кешкүрим жолысын қалады. Екеуі қызы эңгімеге беріліп, көшениң қызыныңдағы кішкентай азық-тұлік дүкеніне қалай жеткендерін байқамай да қалады. Ол бір заманның түзу де молшылық кезі еді ғой, екі шөлмек арак бес сомға да жетпейді.

Сөйтіп екеуі I. Жарылғаповтың үйіне келеді. Шай беріледі. Тамак та ішіледі. Екеудің — бір шөлмегі түгесіледі. Бірақ эңгіме таусылмайды. Басында Ісләм-аға әңгімені өрбітсе, енді Әбілахат қыздыра түседі. Сонымен түннің бір уағы болады. Бірақ екінші шөлмек ашылмайды. Соны аштырмай қоймайтынын сезген Ісләм аксақал:

— Эй, Әбілахат. Мына шөлмекті қалтаца салып ал. Түн ортасы болды. Осымен әңгімені доғарайық. Мен сені шығарып салайын,— дейді.

— Макұл Іс-аға, макұл,— деп Әбілахат қалба-лақтан қалады. Сонымен Әбілахат кете барады. Ісләм Жарылғапов алаңсыз калың үйқыга кетеді. Түннің бір уағында, шамасы түнгі бір мен екінің арасында телефон шырылдан коя береді. Мезгілсіз уақытта безілдеген телефоншаш шошып қалған Ісләм аксақал тұтқаны көтеріп:

— Алло, тындал тұрмын,— деп үн қатады.

— Алло, бұл ме-ме-мен ғой, Әбілахатпын. Өзім-



нің Космонавтар көшесі мен Комсомол көшесінің киылысқан жерінде тұрғанымды хабарлайын деп едім,— деп жауап береді трубкадан.


— Тіфу, сайтан-ай,— деп Іслем трубканы тастай салыпты.

### ҒАФЕКЕҢЕ «ӨКПЕ»

Ақын Жарасқан Әбдірашев пен «Қайнар» баспасының редакторы Аққөл Отарбаев үйленбекен жас кездерінде пәтерде бірге тұрады. Сол жылы пәтерлерінің пеші тартпайтын нашарлау болып, от тұтату киынға соғады. Үйдегі барлық газет-журнал тігінділері тамыздық етіледі. Бір күні үйде газет те болмай калады. Амал жок, өздері қолдарынан түсірмей өкітын ақын Fafu Қайырбековтың жинағына кезек келеді. Оған да от тұтанбай қояды. Пештен күдер үзген Жарасқан дірдектеп қалың көрпенің астына кіріп бара жатып:

— Faфеке, көп болса да көлеміңіз,  
Бір пешті тұтата алмады өлеңіңіз,—

деген екен.



**...ДЕГЕН ЕКЕНІ**  
*Қазақ тілінде*

Редакторы Н. Серізбаев

Суретші Е. Нұраханов

Көркемдеуші редакторы Б. Оспанов

Техн. редакторы Г. Сәбитова

**ИБ № 861**

Теруге 28.05.92 тапсырылды. Басуға 21.07.92 қол қойылды. Форматы  $70 \times 108^{1/32}$ . Шартты баспа табагы 2,8. Есенті баспа табагы 2,32. Баспаханалық қағазға басылған. Шығыңызы басылыс. Каріп гарнитурасты «Әдеби». Тарапалымы 50 000 дана. Тапсырыс № 911.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бүқаралық ақпарат министрлігінің «Өнер» баспасы. 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бүқаралық ақпарат министрлігінің «КИТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Бұл кітапшаларда негізінен әдебиет пен өнерге қатысты адамдардың айтқан сөздері іріктеліп, топтастырылып отыр. Алайда, ел ішінде «пәленше солай депті, түгенше бұлай депті» деген секілді, ауыл мен ауылды кезіп, халыққа ауызекі әңгіме түрінде ғана тарап жүрген талай-талай қазыналар жатыр. «Өнер» баспасы алдағы уақытта солардың да басын құрап, жүйелеп, кітапшалар шығаруды мақсат етіп отыр. Ендеше орайы келгенде иғілікті шаруаға Сіз де қол ұшын бергейсіз: қазақтың қара тілін пір тұтқан ауыл азаматтарының айтқан тапқыр сөздерін, ұтқыр жауаптарын, орынды әзіл-қалжыңдарын жинап теріп хатқа түсіріп, мына әдіріске салып жіберуіңізді сұраймыз:

480124, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143 үй,  
«Өнер» баспасына.

